

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ



ЦИФРЛАНДЫРУ – «заң және тәртіп» қағидатын енгізудің ең тиімді жолы

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №16-17 (6579) 21 ақпан, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ӘКІМ

АЛМАТЫ МЕН БЕЙЖІҢ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ МЕН ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ жаңа кезеңі



Алматы мен Бейжің арасында сейсмикалық мониторинг, ғылыми-зерттеу жұмыстары және жойқын жер сілкіністері туралы ерте хабарлау жүйелерін біріктіру бойынша бірлескен жұмыс туралы келісімге қол қойылды.

Жойқын жер сілкінісі кезінде әрекет ету:

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР ЗЕРДЕЛЕНДІ

- Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Қытайға жұмыс сапары барысында ҚХР Жер сілкіністері агенттігінің президенті Ван Кунь мырзамен кездесті.

Алматы мен Бейжің сейсмикалық қауіпсіздік саласындағы серіктестікті күшейтпек. Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары аясында Ерболат Досаев Бейжіңнің жойқын жер сілкінісі кезіндегі әрекет ету тәжірибесін зерттеді. Қытайдың Жер сілкіністері агенттігі (China Earthquake Administration, CEA) – елдегі сейсмикалық белсенділікті бақылау, болжау, сейсмикалық қауіп-қатерді бағалау және оған әрекет етуге жауапты мемлекеттік орган екенін айта кеткен жөн.

МЕГАПОЛИС

«ALMATY TECH CUP – 2025»

Бүгін Алматыда халықаралық инженерия және робототехника чемпионаты басталады

21 ақпанда Алматыда қала әкімі кубогына арналған «Almaty Tech Cup – 2025» халықаралық инженерия және робототехника чемпионаты басталады. Әлемнің 3000-нан астам жас инженері Алматыдағы ең ірі техникалық турнирге жиналады.

Алматы қаласы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында «Алматы Дарыны» орталығының директоры Гүлнұр Каримғажы мәлімдегендей, бұл – Орталық Азиядағы ең ауқымды турнир, оған 3 мыңнан астам қатысушы, соның ішінде Қазақстан, Үндістан, Түркия, Моңғолия, Түрікменстан, Қырғызстан және Өзбекстаннан келген 20 шетелдік команда қатысады. 2025 жылғы чемпионат робототехника, инженерия және дрон жарыстарын қамтиды,

олардың ішінде Aspan Cyber Race, Aspan Drone Competition, Aspan Whoop Race және Aspan Drone Race бар. Қатысушылар First Lego League (4-16 жас) және First Tech Challenge (16-18 жас) бағыттары бойынша өз шеберліктерін көрсетпек. Бас жүлде – Алматы қаласы әкімінің кубогы – барлық байқауларда ең көп ұпай жинаған үздік командаға табыс-талмақ. Жеңімпаздар тек кубокпен ғана шектелмей, еліміздің үздік университеттерінен білім гранттарына да ие бола алады.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлнұр КАРИМҒАЖЫ, «Алматы Дарыны» орталығының директоры:

Қазақстандық оқушылар халықаралық аренада жоғары нәтижелер көрсетіп келеді

Бұл беделді жарыс жас инженерлер, бағдарламашылар және өнертапқыштар үшін аса маңызды шара. Қатысушылар тек сайысқа түсіп қана қоймай, түрлі интерактивті іс-шараларға, инженерлік квесттерге қатысып, жүлделер мен естелік сыйлықтарға ие бола алады. Чемпионат 2014 жылдан бері өткізіліп келеді. Осы уақыт ішінде қатысушы командалар саны 20-дан 400-ге дейін артқан. Қазақстандық оқушылар халықаралық аренада жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Мысалы, АҚШ-та өткен чемпионатта Алматы құрамасы 80 команданың ішінен үздік 10-дыққа енді. Сонымен қатар, 2022 жылы Женевада, 2023 жылы Сингапурда, 2024 жылы Афинада Қазақстанның жас инженерлері әлемдік алтын жүлдеге ие болды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

21.02.2025

Түнде: -3-5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

Күндіз: +5+7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Таңертең тұман.

22.02.2025

Түнде: -3-5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +7+9 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

23.02.2025

Түнде: -1-3 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +9+11 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz





САРАПТАМА

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП және ҚАУІПСІЗДІК

Цифрландыру – «заң және тәртіп» қағидатын енгізудің ең тиімді жолы

Алматы – еліміз үшін маңызды қала. Оның маңыздылығы тек экономикалық көрсеткіштермен ғана шектелмейді. Тұтас саяси жүйе мен қоғамдық қауіпсіздік тұрғысынан алып қарасақ та ірі мегаполистегі жағдай маңызды. Сондықтан қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты ІІМ мен жергілікті жердегі департаменттер бұл бағытта жұмысты күшейтуде. Бұл, әсіресе, Президент ұсынған «Заң және тәртіп» қағидатын қоғамдық қарым-қатынасқа енгізу аясында өзекті бола түсуде.

Оң динамика байқалады

Елімізде және оның ішінде Алматы қаласында соңғы жылдары қылмыстық құқықбұзушылық саны азайып келеді. Сөзімізге ҚР Бас прокуратурасының ресми құқықтық статистика порталындағы ақпарат дәлел. Ресми ақпаратқа сүйенсек, елімізде 2015 жылдан бері қылмыстық құқықбұзушылық саны азайған. Бұдан 10 жыл бұрын 43 мың тіркелсе, 2024 жылы 13 мыңға азайған. Әрине, мұнда сот үкімі шыққан қылмыстар кіреді.

Алматы қаласы бойынша да криминогенді жағдайда оң динамика байқалады. Дегенмен, мегаполистегі жағдай еліміздегі ең нашар көрсеткіш екенін айта кеткен жөн. Бұған бақылаусыз урбанизация мен әлеуметтенудің нашарлығы себеп болып отыр.

Төмендегі кестеде соңғы үш жылда сотқа дейінгі тіркелген қылмыстық құқықбұзушылық фактілері бойынша статистикалық мәлімет келтірілген. Алматы республикалық маңызы бар қала болғандықтан өзі сияқты қалалармен салыстырдық. Бұл жағынан Алматы көш бастап тұр. Алайда, соңғы үш жылда сотқа дейінгі тіркелген қылмыс саны едәуір азайған. 2022 жылы 35 мыңға жуық болса, 2024 жылы 24 мыңға түскен.

Астана және республикалық маңызы бар қалалар	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.
Астана	17 144	18 041	17 339
Алматы	34 891	27 576	24 965
Шымкент	9 791	6 533	6 052

Қылмыстық құқықбұзушылықпен күрес бағытында Алматы қаласы жақсы көрсеткіш көрсетуде. Алайда, босаңсуға болмайды. Себебі, «Заң және тәртіп» қағидаты құқықбұзушылыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған.



(Дереккөз: Алматы қаласы Полиция департаменті).

Тәуекел де бар

Қылмыстық істерде оң динамика байқалғанымен, әкімшілік және жол қозғалысы оқиғаларына келгенде теріс көрсеткіш тіркелген. Әрине, бұл құқық қорғау органдарының жұмысының әлсіздігін білдірмейді. Соңғы жылдары цифрландырудағы жетістіктер әкімшілік құқықбұзушылық пен жол-көлік оқиғаларының алдын алу мен оларды тіркеуге оң әсер етуде. Мұны статистикалық мәліметтер көрсетіп отыр.

Ресми статистикаға сүйенсек, соңғы үш жылда республика бойынша әкімшілік құқықбұзушылық саны артқан. Әсіресе, Алматы қаласында жағдай күрделі. Былтыр 2023 жылмен салыстырғанда, құқықбұзушылық екі еседен астам өскен. Төмендегі кестеде Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша статистикалық мәлімет келтірілген. Көріп тұрғанымыздай, Алматы көш бастап тұр. Бұл қалада азаматтар тарапынан құқықтық тәртіп сақтала бермейтінін көрсетеді.

Астана және республикалық маңызы бар қалалар	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.
Астана	1 481 645	1 400 036	1 774 421
Алматы	1 584 494	2 038 962	4 487 973
Шымкент	1 041 087	952 058	1 071 918

ған. Әрине, оның бәрі жол-қозғалыс ережелерін сақтамаудан салынған айыппұлдар емес. Десе де, басым бөлігі сондай.

Астана және республикалық маңызы бар қалалар	2022 ж. (тг)	2023 ж. (тг)	2024 ж. (тг)
Астана	16,7 млрд	19,4 млрд	27,9 млрд
Алматы	21,7 млрд	28,6 млрд	60,1 млрд
Шымкент	11,5 млрд	13,6 млрд	13,9 млрд

Әкімшілік құқықбұзушылық, оның ішінде жол-қозғалыс ережелерін бұзу қаладағы басты мәселеге айналған. Мемлекет пен құқық қорғау органдары бұл бағытта цифрландыру процесін жалғастыра береді. Себебі, бұл – «заң және тәртіп» қағидатын енгізудің ең тиімді жолы осы. Сондықтан азаматтар ортақ ереже мен заңды сақтауға дағдылануы тиіс. Әрине, бірінші кезекте заң бәріне ортақ болуы қажет. Онсыз өркениетті ел құра алмаймыз.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ҚАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

Алматыда балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу шаралары күшейтілді. Себебі, қалада балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары көбейген. Өткен жылы 1511 жол апаты тіркеліп, салдарынан 1641 бала жарақат алған. Өкінішке қарай, төрт бүлдіршіннің өмірі қиылды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында полиция бөлімшелері қауіпсіздік шараларын күшейтіп, мектептерде түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізуде. Сонымен қатар, жол инфрақұрылымын жақсарту бойынша нақты ұсыныстар енгізілуде.

Алатау аудандық полиция басқармасы әкімшілік полиция бөлімінің басшысы Шыңғыс Нұрахметовтың айтуынша, балалардың жолдағы қауіпсіздігі тек құқық қорғау органдарының ғана



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі.

«Балалардың жолдағы қауіпсіздігі көптеген факторларға байланысты. Соның ішінде қауіпсіз инфрақұрылым маңызды рөл атқарады. Сондықтан біз

кешенді тәсілді ұстанамыз. Полиция бөлімшелері жол-көлік желісін зерттеп, қажетті өзгерістер енгізуге ұсыныстар береді. Өткен жылы жол инфрақұрылымын жақсарту мақсатында 300-ден астам ұйғарым жіберілді.

Біздің аудан бойынша өткен жылы балалардың қатысуымен 341 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Өкінішке қарай бір бала көз жұмып, тағы 370-і жарақат алды. Бұл – тек бір отбасының қайғысы емес, бүкіл қоғамға ортақ ауыртпалық. Жол қателікті кешірмейді. Сондықтан балаларыңыздың қауіпсіздігіне мұқият болыңыздар», – дейді ол.

Полиция қызметкерлері мектеп оқушыларымен тұрақты кездесулер өткізіп, жол қозғалысы ережесін үйретуде. Жақында №152 мектепте ұйымдастырылған құқықтық тәрбие сағатында оқушыларға жол қауіпсіздігі жөнінде дәріс оқылып, арнайы буклеттер таратылды. Сонымен қатар, «Жас сақшы» сыныбының балаларына полиция қызметтік көлігі көрсетіліп, оның жұмысы таныстырылды.

Тәртіп сақшылары ата-аналарға, жүргізушілер мен мұғалімдерге балалардың жолдағы қауіпсіздігіне мұқият қарау керектігін еске салады. Себебі, жолдағы әрбір сәттің құны – адам өмірі.

ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ



АЛМАТЫ МЕН БЕЙЖІН

Ынтымақтастықтың, экономикалық өсім мен тұрақты дамудың жаңа кезеңі

(Басы 1-бетте)

Ерболат Досаев Агенттіктің табиғи апаттар қаупін азайту бағытындағы жұмысымен танысып, Алматыда сейсмикалық қауіп-қатерді төмендету бойынша жүргізіліп жатқан шаралар туралы баяндады: «Қазақстан аумағының 40%-дан астамы жер сілкінісі қаупі бар аймақта орналасқан. Біз Еуразиядағы сейсмикалық белдеулер жүйесіне кіреміз. Ал Алматының өзі сейсмикалық белсенді аймақта орналасқан. Сондықтан «Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалары» бағдарламасында сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету негізгі басымдықтың бірі», – деді Ерболат Досаев.

Әкім атап өткендей, Алматыда күшті жер сілкіністерін болжау және ерте хабарлау үшін 28 станция жұмыс істейді, қосымша 70 станция орнату жоспарланған. Биылдың өзінде 30 станция орнатылса, 2026 жылдың соңына дейін тағы 40 станция іске қосылмақ.

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстанның сейсмологиялық байқау және зерттеулер Ұлттық ғылыми орталығы мен Қытайдың Жер сілкіністері агенттігінің Геофизика институты арасында сейсмикалық мониторинг және ерте хабарлау жүйелерін біріктіру бойынша бірлескен жұмыс туралы келісімге қол қойылды. Бұл құжат екі ел мамандарына сейсмикалық ақпаратпен нақты уақыт режимінде алмасуға мүмкіндік береді.

«Халықты табиғи апаттар туралы алдын ала хабардар ету және олардың жер сілкінісіне дайындығын қамтамасыз ету – өзекті мәселенің бірі. Осыған байланысты СЕА және Қытайдың Геофизика институтымен ынтымақтастық біз үшін өте маңызды», – деді Ерболат Досаев.

Инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру

• Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев ҚХР-ға жұмыс сапары аясында Қытай Экспорттық-Импорттық Банкінің (China Exim Bank) президенті Ван Чуньинмен жүздесті.

Келіссөздердің басты тақырыбы – негізгі инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру шарттарын талқылау, атап айтқанда, Алматы метрополитенінің желісін кеңейту.

– Біз белсенді және жемісті ынтымақтастықтың негізі болып табылатын елдеріміздің көшбасшылары арасындағы тығыз саяси диалогты жоғары бағалаймыз. Алматыда метро желілерін салу жөніндегі жобалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен сыртқы қарыз алуды тарта отырып, EPC+F-келісім-шарт қағидаты бойынша іске асырылатын болады. Осы жобаны қаржыландыру шарттары бойынша China Exim Bank ұсыныстарын егжей-тегжейлі талқылауға дайынбыз, сондай-ақ басқа да инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысуға шақырамыз», – деді Ерболат Досаев.

Өз кезегінде Ван Чуньин ханым Exim Bank Қазақстанда 16 жыл бойы түрлі жобаларды қаржыландырумен айналысып келе жатқанын және жол инфрақұрылымын, энергетиканы, өнеркәсіпті және жылжымайтын мүлікті салу объектілерін инвестициялауда мол тәжірибесі бар екенін хабарлады: «Біздің Қазақстанмен өзара іс-қимылымыздың маңызды саласы көлік, инфрақұрылымдық құрылыс салу болып табылады. 5 ірі жол жобасы бойынша бізде 2,4 млрд АҚШ доллары көлемінде келісім-шарт жасалған. Қазір біз Алма-



ты әкімдігімен ынтымақтастық үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауға дайынбыз», – деді Ван Чуньин.

Инновациялық бағдар, технологиялық даму:

• Ерболат Досаев Tus-Holdings Co. директорлар кеңесінің төрағасы Ван Цзюмен кездесті.

Тараптар инновация, технологиялық даму және инвестициялық жобалар бойынша ынтымақтастықтың келешегін, оларды жүзеге асыру мүмкіндігін талқылады. Кездесу барысында Қазақстанда бизнес-инкубатор, білім беру кластері және ғылыми парк құру сияқты жобаларды іске асыру мүмкіндігі қарастырылды.

Ерболат Досаев шаһардағы Индустриалды аймақ пен «ИТП» АЭА бүгінде автомобиль жасау, медициналық бұйымдар өндірісі, ғылыми-білім беру және АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) салаларында кластерлер қалыптастыратын негізгі алаңдарға айналғанын атап өтті.

– Қазақстанның ең ірі экономикалық орталығы ретінде қаламыз Қытай инвестициялары үшін негізгі хаб болуға дайын, – деді Алматы қаласының әкімі.

Өз кезегінде Tus-Holdings Co. директорлар кеңесінің төрағасы Ван Цзю «Алматы – Қазақстандағы ең инвестициялық тартымды өңірлердің бірі» екеніне маңыз берді. Ол компанияның «ИТП» АЭА-мен серіктестікке қызығушылық білдіретінін және Қазақстанды ғылыми және технологиялық бастамаларды жүзеге асыру үшін болашағы зор нарық ретінде қарастыратынын айтты.

Tus-Holdings Co. өкілдері биыл наурыз айында Қазақстанға келіп, жергілікті нарықты зерттеу мақсатында кездесу өткізуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ, Алматыда 50/50 үлесімен бірлескен технопарк ашу мәселесі қарастырылады.

Жайлы қалалық орта және экология:

• Ерболат Досаев жұмыс сапары аясында Бейжің мэрі Инь Юнмен жүздесті.

Келіссөз барысында тараптар қалалар арасындағы екіжақты серіктестікті нығайту мүмкіндігін талқылады. Әсіресе, көлік инфрақұрылымын дамыту, экологиялық ахуалды жақсарту және жайлы қалалық орта қалыптастыру мәселесіне баса назар аударылды. Келіссөздегі басты тақырыптың бірі – қалалардың экологиялық жағдайы.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар екіжақты қарым-қатынасты нығайтуға уағдаласып, Алматы мен Бейжің арасындағы серіктестіктің дамуы Қазақстан мен Қытайдың екі қаласының экономикалық өсуі мен тұрақты дамуына ықпал ететініне сенім білдірді.

Метро желісі – маңызды басымдық

Алматы қаласының әкімі жұмыс сапары аясында China Railway Construction Corporation (CRCC) Басқарма Төрағасы Дай Хэгэнмен кездесу өткізді.

Тараптар көлік инфрақұрылымы және ауқымды құрылыс жобаларын іске асыру саласындағы ықтимал ынтымақтастық перспективаларын талқылады. Көлік инфрақұрылымының жаңа перспективалары шеңберінде Бейжіңнің ірі компаниясы Алматыда метро құрылысына қатысуға дайын екендігін білдірді.

– Алматы үшін метрополитен желілерін салу жөніндегі жобаны қысқа мерзімде іске асыру – маңызды басымдықтың бірі. Осыған байланысты құрылыс аясында әлеуетті серіктестер тізімін қалыптастыру кезінде біз ең алдымен қытайлық компаниялардың, оның ішінде кез келген жобаларды «кілтпен» тапсыратын әрі сапалы іске асыруға сенімділік беретін CRCC корпорациясының тәжірибесі мен мүмкіндіктерін зерттедік. Бұл екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі нығайтуға елеулі үлес қосады, – деп атап өтті Ерболат Досаев.

Серіктестіктің көкжиегі

• Алматы әкімі Ерболат Досаев Шанхай мэрі Гун Чжэнмен кездесті. Шанхайдағы келіссөздер барысында тараптар сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын талқылады.

Келіссөздер барысында тараптар серіктестік қатынастарды одан әрі нығайтуға, атап айтқанда, екі қала арасында бауырластық қатынастар орнату туралы Келісімге қол қоюға дайын екендіктерін білдірді. Бұл қадам Алматы мен Шанхай арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа кезеңінің перспективаларын ашады.

Кездесу соңында қатысушылар 2025 жылы China Eastern Airlines әуекомпаниясының Алматы-Шанхай тікелей әуе қатынасын іске қосуы (Бұл мәселе қазір ҚХР Ұлттық азаматтық авиация қыз-

метінің қарауында) екіжақты байланыстарды нығайтудағы маңызды қадам болатынын атап өтті.

Алматы – Шанхай: тікелей әуе рейсі

• Шанхайда Ерболат Досаев сондай-ақ China Eastern Airlines Co., Ltd. төрағасы Ван Чжицин кездесіп, келіссөз нәтижесінде Алматы мен Шанхай арасында тікелей әуе рейсін ашуға жәрдемдесу туралы меморандумға қол қойылды.

Кездесу барысында Алматы мен Шанхай арасындағы тікелей рейсті іске қосу мүмкіндігі талқыланды. Бұл рейс Алматыны Азияның жетекші іскерлік және туристік орталығының бірі – Шанхаймен байланыстырады.

Қытайлық Tongcheng Travel агенттігінің Алматыны «2025 жылдың болашағы зор жаңа бағыты» деп тануды да өсіп келе жатқан туристік қызығушылықтың дәлелі болып табылады.

• Алматы әкімі Ерболат Досаев пен Шанхай мүгедектер федерациясының төрағасы Ду Сунцюан инклюзивті ортаны дамыту жөніндегі бірлескен жоспарды әзірлеу мәселелерін талқылады.

Инклюзивті ортаны дамыту

Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары аясында Алматы әкімі Ерболат Досаев Шанхай мүгедектер федерациясының төрағасы Ду Сунцюанмен кездесті.

Ерболат Досаев Шанхай мүгедектер Федерациясының ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін заңнаманы және инфрақұрылымды жетілдіру, жұмысқа орналасту тәсілдері, жұмыс орындарын квоталау тетіктері және қызметтерді автоматты түрде іріктеу үшін жасанды интеллектті пайдалану бөлігіндегі жұмыс тәжірибесі Алматы үшін ерекше қызығушылық тудыратынын атап өтті.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар екіжақты ынтымақтастық аясында Алматыда инклюзивті ортаны дамыту жөніндегі бірлескен жоспарды әзірлеу ықтималдығын талқылады. Бұл ерекше қажеттіліктері бар адамдарды әлеуметтік қолдау, оңалту және жұмысқа орналастыру бойынша жаңа жобаларды табысты іске асыруға мүмкіндік береді.

Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Цзясин қаласында (Шанхай маңында) орналасқан SUS Environment тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу зауытының жұмысымен танысты.

Экология мен энергетика саласындағы кешенді қызметтерді ұсынатын бұл әлемдік жетекші компания қалдықтарды энергияға айналдыру бойынша әлемдік нарықта көш бастап тұр. Экоиндустриалды паркттерді дамытуға инвестиция салатын әлемдегі ең ірі үш компанияның бірі. Бүгінде компания SUS 4.0 жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу жұмыстарын жүргізуде. Бұл бастама қалдықтарды энергияға айналдыру кезінде көміртек шығарындыларын ақылды басқару және жылуды тиімді пайдалану технологияларын қамтиды.

Кездесу соңында тараптар екіжақты серіктестікті дамыту және өзара ынтымақтастық орнату жөнінде келісімге келді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: Алматы қаласы әкімдігінің баспасөз орталығы)



2024 жыл:

ЖАҢАНДЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақстанның сыртқы саясаттағы негізгі жетістіктері қандай?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы қыркүйектегі халыққа Жолдауында Қазақстан БҰҰ Жарғысына қатаң сәйкестікте кең ауқымды көпжақты ынтымақтастыққа бейілділігін айқын көрсетіп отырғанын мәлімдеп, халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселелерін шешуде еліміздің белсенді рөл атқаратынын атап өтті.

Өткен жылы Қазақстан бірқатар беделді халықаралық ұйымдар мен платформаларға төрағалық етті, бұл өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді шешуге ықпал етті. Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ), Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ), Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім саралары жөніндегі кеңеске (АӨСШК), Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына (ҰҚШҰ), Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуіне және Халықаралық Аралды құтқару қорына (ХАҚҚ) табысты төрағалық ету – Қазақстанның халықаралық ықпалын нығайтудағы маңызды қадам болды, сондай-ақ еліміздің дипломатиялық мүмкіндіктерін кеңейтті.

ШЫҰ-ға төрағалық ету барысында Қазақстан экономикалық ынтымақтастықты, қауіпсіздікті, экологиялық бастамаларды және цифрлық трансформацияны қоса алғанда, кең ауқымды тақырыптарды қамтитын 160-тан астам іс-шара өткізді. Шарттық база ұйымға қатысушы елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтатын 60 жаңа құжатпен толықтырылды. Қазақстан Еуразия экономикасының, саудасының, көліктік және логистикалық байланысының континенттік белдеуін қалыптастыруға бағытталған Ұйымның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясына бастамашы болды. Төрағалықтың басты іс-шарасы ретінде алғаш рет «ШЫҰ плюс» форматында өткен Астана саммитін атап өткен жөн.

АӨСШК төрағалығының негізгі жетістігі институционалдық дамудың жаңа кезеңіне көшу болды. Трансформацияның жол картасы аясында Жарғы мен Рәсімдер ережелері әзірленді, Сенім шараларының каталогы жаңартылды, Даналар кеңесі, Талдау орталықтарының форумы және АӨСШК қоры құрылды. Қазақстан қатысушы елдердің өзара іс-қимылын цифрландыру бойынша бастама көтеріп, деректер мен талдамалық материалдармен алмасу платформасын іске қосты.

Түркі мемлекеттерінің ұйымына төрағалық ету «TURKTIME» ауқымды бағдарламасының іске қосылуымен ерекшеленді, сондай-ақ мәдени және экономикалық интеграцияны нығайтуға ықпал етеді. Мемлекет басшысының осы бастамасы аясында білім беру, ғылыми зерттеулер және кәсіпкерлік саласындағы жобалар іске асырылды. Тұрақты өкілдер механизмі құрылды, мемлекеттік рәміздер біріздендірілді, стратегиялық жобаларды қолдауға бағытталған Инвестициялық қор құрылды. Қатысушы елдер арасында 45 млрд АҚШ долларынан асқан өзара сауданың айтарлықтай өсуі экономикалық ынтымақтастықтың артып келе жатқанының көрсеткіші.



ҰҚШҰ-ға төрағалық ету барысында Қазақстан трансшекаралық қылмыс, терроризм және есірткінің заңсыз айналымы сияқты өзекті қатерлерге қарсы іс-қимыл жөніндегі бастамаларды ілгерілетуге назар аударды. Мемлекет басшыларының кездесулерін, тақырыптық дөңгелек үстелдер мен әскери жаттығуларды қоса алғанда, 80-нен астам іс-шара өткізілді. Тәжік-ауған шекарасын нығайту бағдарламасы бойынша 10 жылдық жұмысты аяқтауға ерекше назар аударылды.

Халықаралық Аралды құтқару қорындағы қазақстандық төрағалықтың (2024–2026 жылдары) күш-жігері ХАҚҚ жетілдіру процесін аяқтауға, өңірдің су-энергетикалық ресурстарын басқарудың өзара тиімді механизмін әзірлеуге, экологиялық бағдарламалардың уақытылы және сапалы іске асырылуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ климаттың өзгеруінің салдарын еңсеру мақсатында келісілген шаралар қабылдауға шоғырланған.

• Қазақстанның Су дипломатиясы аясында 2024 жылы Қытаймен, Ресеймен және Орталық Азия елдерімен трансшекаралық өзендер бойынша 35-ке жуық отырыс өткізілді.

• Қырғызстанмен және Өзбекстанмен Шу, Талас және Сырдария трансшекаралық өзендері арқылы Қазақстанға су беру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

• Қытаймен Ертіс және Іле сияқты 20-дан астам өзендер бойынша келіссөздер жүргізілуде. Еліміздің БҰҰ-ның Халықаралық су ағындарын

кеме қатынасынан басқаша пайдалану түрлерінің құқығы туралы конвенциясына қосылуы маңызды қадам болды.

2024 жыл Орталық Азия мемлекеттерімен көпжоспарлы ынтымақтастықты нығайту тұрғысынан серпінді жыл болды. Мемлекет басшысының «Орталық Азияның Ренессансы: орнықты даму мен өркендеу жолында» бағдарламалық мақаласы өңірдегі бауырластық қатынастардың, тату көршілік пен стратегиялық серіктестіктің форматын белгіледі.

Әзербайжан Президенті, БҰҰ Бас хатшысының ОА жөніндегі арнайы өкілі және БҰҰ Орталық Азия үшін превентивті дипломатиясы жөніндегі өңірлік орталығының басшысының қатысуымен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуінің 6-шы отырысын өткізу маңызды қадам болды. Саммит қорытындысы бойынша «ОА-2040» Өңірлік кооперацияны дамыту тұжырымдамасына, 2025–2027 жылдарға арналған Өңірлік ынтымақтастықтың жол картасына, сондай-ақ 2025–2027 жылдарға арналған Өнеркәсіптік кооперацияны дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарына қол қойылды.

Бұдан басқа Қазақстан қақтығыстарды реттеуде делдал бола отырып, халықаралық дипломатияда маңызды рөл атқаруды жалғастыруда. Астана процесі аясында біз Сирия дағдарысы бойынша келіссөздер алаңын ұсындық. Қазақстан негізгі қатысушыларды біріктіреді және ымыралық шешімдерге қол жеткізуге ықпал етеді. Сондай-ақ, ел өңірлік қақтығыстарды шешу үшін халықаралық медиация орталығын құру туралы ұсыныс жасады, бұл профилактикалық дипломатия механизмдерін дамытудағы маңызды қадам болмақ.

Қазақстан әлемдік саясатқа интеграцияның жоғары дәрежесін көрсетіп отыр. Еліміз энергетика, көлік, сауда және цифрлық технологиялар салаларындағы ірі өңірлік жобалардың бастамашысы. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту, «Бір белдеу – бір жол» жобасы аясындағы ынтымақтастық және Еуразиялық экономикалық одаққа белсенді қатысу – еліміздің жаһандық экономикалық байланыстарды нығайтуға бейілділігін растайды. Жасыл технологиялар мен экономиканы декарбонизациялау жөніндегі бағдарламаларды енгізу – Қазақстанның халықаралық күн тәртібінің маңызды бөлігіне айналды. Еуропа-лық одақ және Таяу Шығыс елдерімен орнықты даму және энергетика саласындағы ынтымақтастықты кеңейту маңызды аспект болды.

Қазақстан бейбітшілікке бағытталған сыртқы саясат ұстануды жалғастырады. Ел Еуразиялық кеңістікте қауіпсіздікті, орнықты даму мен өркендеуді қамтамасыз етуге елеулі үлес қосуда. БҰҰ, ДСҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың жаһандық бастамаларына қатысуды кеңейту, жетекші державалармен стратегиялық серіктестікті дамыту және экономикалық дипломатияны тереңдету елдің сыртқы саясатының негізгі басымдықтары болып қала береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР СІМ Баспасөз орталығы).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Естай БОЖАН,
сарапшы:

Дипломатиялық бастамалар ел әлеуетін кеңейтті

Қазақстан – халықаралық қарым-қатынаста бейбітшілік, тұрақтылық және орнықты даму қағидаттарын қолдап келе жатқан ел. Біз өзіміздің сыртқы саясатымызда БҰҰ, ДСҰ және басқа да халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейтіп, жетекші державалармен стратегиялық серіктестікті тереңдетуді көздейміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық бейбітшілікті қорғаудың маңызды тетігі халықаралық қауымдастықтың ең негізгі ұстанымдарын берік сақтау екенін өзінің мәлімдемелерінде көрсеткен болатын.

Осы тұрғыда 2024 жылы Қазақстан өзін өңірлік және жаһандық тұрақтылықтың белсенді қатысушысы ретінде көрсете білді. Бұны өткен жыл ішіндегі еліміз төрағалық еткен халықаралық ұйымдардың жұмысынан да анық байқауға болады. Айталық, Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ), Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК), Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) және Халықаралық Аралды құтқару қоры (ХАҚҚ) сынды беделді ұйымдарға төрағалық ете отырып, еліміздің дипломатиялық әлеуетін кеңейтіп, өңірлік және жаһандық процестерге белсенді ықпал етуіне жол аша алдық. Түрлі дипломатиялық бастамаларымыз еліміздің стратегиялық маңызын арттырып, халықаралық қауымдастықтағы сенімді әріптес екенімізді айқын көрсетті.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
саясаттанушы:

Аймақтағы ынтымақтастық: дамудың оң әсері

Еліміздің өткен жылғы халықаралық қарым-қатынастарды реттеу, бейбітшілік пен тұрақтылықты дамытудағы белсенді әрекеті Орталық Азияның өзара ынтымақтастығының қарқынды дамуына да оң әсерін берді. Мысал ретінде, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуінде «ОА-2040» өңірлік кооперация тұжырымдамасы бекітіліп, экономикалық және өнеркәсіптік интеграцияны дамыту бойынша бірқатар келісімдер жасалды. Бұл арада Мемлекет басшысының «Орталық Азияның Ренессансы: орнықты даму мен өркендеу жолында» атты мақаласы өңірлік әріптестікті нығайтуға жаңа серпін бергенін айрықша атап өткен жөн.

Бұдан бөлек, Қазақстанның су ресурстарын басқару саласындағы дипломатиялық бастамалары аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуде де маңызды рөл атқарды. 2024 жылы Қытай, Ресей және Орталық Азия елдерімен трансшекаралық өзендер бойынша 35 кездесу өткізіліп, стратегиялық маңызы зор келісімдер жасалды. Қырғызстанмен және Өзбекстанмен Шу, Талас және Сырдария өзендері бойынша суды бөлу жөніндегі келісімдерге қол жеткізілді, Қытаймен Ертіс және Іле өзендері бойынша келіссөздер жалғасты. Мұның өзі аймақ елдерінің интеграциясы мен көршілес ірі елдермен болған ынтымақтастықтың баянды дамуы үшін маңызды қадам болды.



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ҚАРАСОРАНЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстанда қарасораға байланысты заңнамалық шектеулер қойылған. Қарасора өсіріп, оны заңсыз айналымға шығарған адамға Қылмыстық кодекстің 296, 297-баптары бойынша қатаң жаза тағайындалады. Қарасораны заңдастырып, кәдеге жарата алсақ, ел экономикасы үшін пайдалы ма, әлде қауіп пе?

Қарасора денсаулыққа пайдалы әрі ауыл шаруашылығы мен өндіріске жарайтын өсімдік болғанымен, Қазақстанда қатаң бақылауда. Өсімдікті өсіру есірткіге қарсы күрес шеңберінде реттеледі. Бірақ оның бірінші түрін заңды түрде пайдалану жөнінде пікірлер айтылып жүр. Өйткені, психотроптық әсері төмен болғандықтан, көп мемлекет есірткі ретінде қарастырмайды. Тіпті, дамыған елдерде техникалық қарасора заңды түрде өсіріліп, өндірістік мақсатта іске асырады. Медицина, құрылыс, тоқыма, т.б. әртүрлі салаларда жиі қолданады.

Мысалы, Франция – Еуропадағы ең ірі техникалық қарасора өндіруші ел. Оны тоқыма, қағаз, биоотын және құрылыс материалдары үшін пайдаланады. Ал Германия қарасорадан жасалған құрылыс материалдарын, медицинада қолданылатын өнімдерді және биопластик өндірісін қолдайды. Қытайда оның талшықтарын тоқыма өндірісінде, қағаз жасау, медицина және косметика салаларында кәдеге жаратады. АҚШ 2018 жылы «Farm Bill» заңын қабылдағаннан кейін өнеркәсіптік қарасора өсіруді заңдастырып алған. Алайда, Қазақстанда бұл мәселе заңнамалық деңгейде толық реттелмеген. Біраз елде марихуананы заңдастыру тәжірибесі енгізілуде. Біздің елде бұл үрдіс қаншалықты өзекті? Техникалық қарасораның экономика мен экологияға пайдасы барын ескерсек, бірнеше салада тиімді қолдануға болар ма еді?

Елімізде 3 наурыздан бастап есірткі қылмысына қатысты жаңа заң күшіне енбек. Ол бойынша заңның кейбір баптары жеңілдетіліп, кейбірі қатаңдатылды.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Топырақтану агрохимия және экология» кафедрасының профессоры Айгүл Жаппаровадан елімізде өсетін техника-

қауіп пе, әлде мүмкіндік пе?

Әлемнің көп елінде есірткі қылмысы ең басты мәселелердің біріне айналып отыр. Қазақстан да қоғамның осы бір дертімен күрес бойынша бірнеше маңызды бағытта жұмыс жүргізіп келеді. Солардың бірі – есірткі қоспасы бар өсімдіктерді заңсыз өсіру мен айналымына тосқауыл қоятын «Қарасора» операциясы. Негізгі психоактивті заттардан тұратын қарасора өсімдігінің екі түрі бар. Біріншісі – есірткілік қасиеті бар – тетрагидроканнабинолдың мөлшері өте төмен, өндірістік мақсатта қолданатын техникалық қарасора болса, екіншісі – есірткі өндіруге пайдаланатын түрі.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Айгүл АБСУЛТАНҚЫЗЫ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент:

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАРАСОРА – Қазақстанның жаңа экономикалық мүмкіндігі

Бұл мәселеге сақтықпен қарау қажет. Қазір кейбір елдерде марихуананы заңдастыру үрдісі белсенді түрде жүріп жатыр. Канада, Нидерланд, Уругвай сияқты мемлекеттерде марихуананы медициналық және рекреациялық мақсатта қолдануға рұқсат берілген. Ал Қазақстанда бұл мәселе өте күрделі. Бір жағынан, марихуананы заңдастыру есірткі қылмыстарын азайтуға және медицинада оны тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Екінші

жағынан, бұл нашақорлықтың артуына және жастардың психикалық денсаулығына кері әсер етуі ықтимал.

Қарасорадан дайындалатын өнімдер экологиялық тұрғыда қауіпсіз және қайта өңдеуге ыңғайлы. Ғылыми зерттеулер техникалық қарасораның адам ағзасына ешқандай зияны жоқ екенін дәлелдеді. Қазақстанда бұл өсімдік негізінен, Жамбыл облысында Шу алқабында кеңінен таралған, жабайы қарасораның өсу аумағы 138 мың гектарды құрады, алайда оның өндірістік әлеуеті толық пайдаланылмай отыр. Егер мемлекет техникалық қарасораны заңдастырып, оны дамытуға жағдай жасаса, бұл жаңа жұмыс орындарын ашуға, экспорттық әлеуетті арттыруға және экологиялық тұрақтылықты сақтауға ықпал етер еді. Техникалық қарасораны заңдастыру – Қазақстан үшін үлкен экономикалық мүмкіндік. Бұл салаға инвестиция тарту, жаңа өндірістер ашу, экологиялық таза өнімдер шығару ел экономикасына оң әсер етеді. Дегенмен, марихуананы заңдастыру мәселесі еліміздің мәдениеті мен әлеуметтік жағдайын ескере отырып, мұқият зерттелуі қажет.

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

ЖАС САРБАЗДАР

қала тыныштығын күзетуге шықты

Ұлттық ұланның Алматыдағы 5571 әскери бөліміне былтыр жыл соңында шақырылған 500-ге жуық жауынгер бүгін мегаполистің қоғамдық тәртібі пен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауынгерлік қызметіне кірісті. Жас сарбаздар үшін маңызды оқиға құрметіне салтанатты гарнизондық сап түзеу өтті.



Нұржамал
ӘЛІШ

Халықтың тыныш ұйқысы үшін кірпік қақпай қырағылықпен ел күзететін сарбаздар бұл жолда үлкен жаттығудан өтеді. Бөлімнің жауынгерлері бір айлық тәжірибеден кейін, міне, Отан алдындағы борышын өтеуге дайын.

Әдеттегідей сапқа жиналған жеке құрамның алдында бригада командирі, полковник Мақсат Баймағұлов жауынгерлік қызметтің маңызы мен оларға артылатын

жауапкершілік жүгі туралы айтып өтті. Салтанатты іс-шарада жауынгерлік сабақтар барысында белсенділік танытып, топ жарған сарбаздарға сыйлықтар табысталып, әскери ардагерлер алдағы қызметтеріне табыстар тіледі.

Иә, білім – адамның барлық қасиетінің маңызды алғышарты. Оқу, әскери шеберлікті қалыптастыру, жауынгерлік қызметке дайындалу, оның қыр-сырын жете ұғыну табысқа бастайды. 5571 әскери бөлімінің негізгі міндетіне Алматы қаласындағы қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету кіреді. Сонымен қатар, қала аумағында өтетін мәдени-көпшілік іс-шаралардағы тәртіптік ахуалға да осы бөлім сарбаздары жауапты. Офицерлер мен 650-ге жуық әскери қызметші күн сайын мегаполистің сегіз ауданында қызмет етуге шығады. Ұландықтар қоғамдық тәртіптің сақталуы мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қала полицейлерімен иық түйістіре жұмыс істейтін болады. Жауынгерлердің мойнына артылатын осындай зор жауапкершілік турасында Алматы қаласының Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы, полиция полковнигі Серік Шумаев та жас әріптестеріне сәттілік тіледі.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арман ТӨЛЕГЕНОВ, 2-жедел мақсаттағы батальонның сарбазы:

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІН КӨТЕРЕМІЗ

Бүгін – менің өмірімдегі қуанышты әрі жауапты күн. Біз алғаш рет жауынгерлік қызметке шыққалы тұрмыз. Жас сарбаздар осы күнге дейін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан алған білімдерін іс жүзінде көрсетулері керек. «Жауынгерлік жанұядай ұйысқан, Ұлттық ұлан – елі мен халқына қорған!» деген ұранмен оңтүстік астанамыз Алматы қаласының аудандарындағы қоғамдық тәртіпті қадағалау мақсатында қызметке шықпақпыз. Батыр атамыз Бауыржан Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмас, тәртіпке бағынған құл болмас» деген сөздеріне сүйенер болсақ, бізге ең алдымен керегі темірдей тәртіп, қырандай қырағылық және жалындаған жауынгерлік рух деп ойлаймын. Осы айтылған үш қасиетті бойтұмардай сақтап қызмет атқарар болсақ, қала тыныштығы тұрақты болады деп сеніммен айта аламын.



МӘСЕЛЕ

«МАҒАН ЖҮРЕК КЕРЕК...»

Әлемде жыл сайын 100 мыңнан астам адам ағзасын ауыстырады екен. Оның ішінде алғашқы орында тұрғаны – бүйрек трансплантациясы. Біздің елде де бүйрекке, бауырға, жүрекке кезекте тұрған адам жетерлік. Былтыр елімізде 250 ағза ауыстыру операциясы жасалды, оның 227-сі – тірі адамнан, 23-і мәйіттік донордан алынды. Алайда, мұқтаж жандардың бәріне донор табыла бермейді. Сондықтан трансплантация отасына кезегі келгенше көз жұматындар да, өкінішке қарай, аз емес.

Нұржамал
Әліш

АЙНА

Алматылық Айнаның (аты өзгертілді) өмірі айнадай болған жоқ. Айтуынша, туған анасынан ерте айырылып, өгей шешенің, тұйықтау әкенің қолында жылуға, мейірімге зәру болып өскен. Кейіннен әкесінен де айырылған. Бейғам балалығы таусылып бітпес үй жұмысының күйбеңінде, өгей ананың қабағына қарау өткен. Күз бен қыстың бойдан өткен суығы бала күні санасындағы жетімдік тұманымен бірге сарытап зардап болып қалғандай.

Бала күнінен өкпе-ренішпен, күйзеліспен, өзін өзгелерден қор санап, тойып та тамақ ішпей, ауыр жұмыстар атқарып өскен Айна аурушаң болды. Алдына үлкен мақсаттар қойып, биік армандарға қол соза алмады. Онышыны бітірген соң, енді ғана әскери борышын өтеп оралған көрші ауылдың қарапайым шаруа жігітіне тұрмысқа шықты. Сүйіп-күйіп қауышпаса да тағдыры солай табыстырды. Ата-енесі де қарапайым жандар, жасынан үй тірлігіне пісіп өскен келінін мін таққан жоқ. Бергенін ішіп, тілеуін тілеп отырды.

Әттең, маңдайының тайқылығы ма, тағдырының тауқыметі онымен бітпепті. Енді ғана үй болып оңала бергенде, күйеуі ішкілікке салынып, бұған қол көтеретінді шығарды. Қартайған ата-енесі келінін қорғап-ақ бақты, алайда «жынды судың» желігіне мінген ұлына күнде араша бола алмайды ғой. Ақыры күйеуінің соқысынан іштегі нәрестесін де түсіріп алды. «Айналайын, балам, біз саған ризамыз, өкпеміз жоқ. Жасымыз келген адамбыз, мына ұлға қарсы тұрарлықтай қауқарымыз да қалмады. Басынды босатайық», – деп ата-енесі ризалығымен басын ашып берді.

Айна одан соң тағы бір рет тұрмыс құрды. Ағайындарының айтуымен әйелі қайтыс болған жалғыздікті үлкендеу ер адамға қосылды. Жалғыз жүргенше деп, тағы да тағдырына мойынсұнды. Ал әлгі ер адам ұзақ жыл бала сүюді армандап жүрген жан екен. Айнадан жас қой, балалы болармын деп үміттенгенін де жасырмапты. Бірақ Айна бала көтере алмады. Анығында – бала көтеруге болмайды. Екі бүйрегінде де ақау бар. Ал бүгінде екеуі де семіп қалған. Медицина қойған диагноз осы. Әзірге денсаулығы гемодиализ аппаратына тәуелді.

■ **ГЕМОДИАЛИЗ** – арнайы аппараттың көмегімен адамның қанын сүзгілердің көмегімен тазарту. Яғни ол жасанды бүйрек қызметін атқарады. Соған аптасына үш реттен келіп, ағзасындағы қан құрамын тазалатады. Аппарат астында бақандай төрт сағат жатады. Айна бұдан да әбден қажып кеткенін айтады. Қос бүйрегінің біреуін бере қоятын етжақын туысы да жоқ...

«НӘЗІК» ТАҚЫРЫП

Иә, бүгінде медицина қарқынды дамыған. Сондықтан тірі донордың көмегімен оның бір бүйрегін немесе бауырының бір бөлігін алып, науқасқа салу тәжірибесі кең таралған. Яғни органды ауыстырғанда бауырға байланысты адамның қан тобы, бүйрекке байланысты иммунологиялық жағынан сәйкестік болса, пациенттің туысы донор бола алады. Бірақ мұндай сәйкестіктің үнемі бола бермейтінін, әрі өмір болған соң



«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ

- ◆ Ағзаларды транспланттау – ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) организмнің басқа жеріне немесе басқа организмге ауыстырып салу.
- ◆ Ағзаларды транспланттау ересек адамға да, балаға да қажет болуы мүмкін, ешкім денсаулығынан айырылудан сақтандырылмаған. Көптеген ауру адам ағзасының жұмысын тоқтатып, оны ауыстырып салу қажеттілігіне әкеп соқтыруы мүмкін.
- ◆ Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 210-бабына және 212-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес тірі (тірі кезіндегі донор) және қайтыс болған адам (қайтыс болғаннан кейінгі донор) донор бола алады.
- ◆ Қайтыс болғаннан кейінгі бір донордың органдары шамамен, 7 адамның өмірін құтқара алады.

түрлі жағдайлардың орын алатынын ескерсек, трансплантация мәселесі әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Оның ішінде мәйіт трансплантациясы әлі күрмеулі күйінде тұр. Мәселен, Америка, Еуропа елдерінде мәйіттік донордан трансплантация жасау, яғни орган ауыстыру кезегінде тұрған науқасқа өмірден өткен адамның ағзасын салу тәжірибесі кең таралған. Ал Азия елдерінде бұл әдіс әзірге құптала қойған жоқ. Бұл тұрғыдағы пікірлер әлі де екіге жарылып тұр.

Бір топ «науқас адам туғанда қалай жаралса, о дүниеге солай бүтін күйінде кетуі

керек» дейді. Ал екінші топ «адамға көмектесу бірінші орында тұруға тиіс, науқастың немесе оның туыстарының рұқсатымен сау ағзасын сырқат адамға салса, бір адамға өмір сыйлар еді» дейді.

БІР ӨЗІ 6 АДАМҒА
ДОНОР БОЛДЫ

Жуырда Алматыдағы Кардиология және ішкі аурулар F3И-да екінші жүрек трансплантациясы сәтті жасалды. 43 жастағы Дәурен

МАМАН МІНБЕРІ

Марат ПАШИМОВ, Алматы Кардиология және ішкі аурулар F3И басқарма төрағасы:

АДАМГЕРШІЛІКТЕ ШЕКАРА БОЛМАЙДЫ

– Жалпы, донор, трансплантология біздің қоғамда әлі де «нәзік» тақырып секілді. Оңай құптала қоймайтындай ма, бұл тұрғыда не дейсіз?

– Ауыр жүрек аурулары тез өршиді және шұғыл емдеуді қажет етеді. Жүрек трансплантациясы – соңғы сатыдағы жүрек жеткіліксіздігінің ең тиімді еміннің бірі. Сырқат жүректі сау жүрекке ауыстырғаннан кейін пациент сапалы және ұзақ өмір сүре алады. Қайтыс болған туысқанының ағзаларын басқа адамдардың өмірін сақтап қалу үшін беруге келісу – үлкен адамгершілік. Мұндай адамдар зор құрметке ие. Себебі, бір донор бірнеше өмірді құтқара алады. Ислам діні де ағзаларды транспланттауға тыйым салмайды. Адам өміріне қауіп төнген жағдайда басқа адамдардың ағзаларын беруге немесе қабылдауға болады деп есептейді.

– Донор болу үшін қандай критерийлер бар? Жүректі, мәселен, мұқтаж адамға салу үшін қай жағынан сәйкес келуі шарт? Кімдер донор бола алады?

– Донорлық процестің кезеңдері, ықтимал донорды тексеру тәртібі, қайтыс болғаннан кейінгі донорды анықтау кезіндегі транспланттау үйлестірушілерінің іс-қимыл алгоритмі, ми өлімін анықтау ережелері бар.

Қайтыс болғаннан кейінгі донорлыққа өзінің ерік білдіруін тіркеу үшін Қазақстанның азаматы тіркелген жері бойынша емханаға жүгінуіне болады, ол тіркелімге енгізіледі. Қазіргі уақытта «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы үйден шықпай-ақ донорлыққа өз еркіңізді тіркеуге мүмкіндік бар.

Жүректі мұқтаж адамға салу үшін де іріктеу критерийлері бар: реципиент қан тобына, дене салмағының индексіне, бойына қарай таңдалады. Донордың салмағы реципиенттің салмағынан 30%-дан аспауы тиіс. Жүрек доноры 60 жастан үлкен болмауы керек, өйткені мұндай жүректің кардиопатия мен жүрек жарақаты жоқ, қалыпты ЭКГ және ЭХОКГ бар қалпына келтіру үшін жеткілікті резерві және т.б. болуы қажет.

– Алматыда, сіздердің институтта екінші рет жүрек трансплантациясы жасалды. Бірінші пациентпен байланыстарыңыз бар ма, денсаулығы қалай?

– Иә, бірінші пациентіміз – Данияр, үнемі біздің дәрігерлердің бақылауында. Жылына екі-үш рет кардиология бөлімшесінде стационар жағдайында ем алып тұрады. Өткен айда донорлық жүрек салынған екінші пациентіміздің де жағдайы қазір жақсы. Бірер күннен кейін ол клиникамыздан шығып, үйіне оралады.

ДІН ДӘЙЕГІ

Тимур ӘЛІМОВ,
Алматы Орталық мешітінің
имамы:

ТІРІ ПЕНДЕ ТІРШІЛІГІН
ЖАСАЙДЫ...

Исламда трасплантация жасау, яғни бір адамның кейбір ағзаларын екінші бір адамға ауыстырып, қондыруға рұқсат етіледі. Сонымен қатар, ауырған сәтте емделу жолдарын іздеуді міндеттейді. Демек, трансплантация жасау да адам баласының жанын сақтап қалуға себеп болатын емдеу жолдарының бірі.

Алла Тағала былай дейді: «Кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, сонда шынайы түрде барлық адамды өлтіргенмен тең және кім оны тірілтсе, (өлімнен құтқарса) барлық адамды тірілткенмен тең».

Адамның денсаулығына қатер төнген жағдайда тірден тіріге ағзаларды трансплантация жасау рұқсат болғандай, зәру болған жағдайда өлген адамның ағзаларын тірі адамға да ауыстыруға болады. Өйткені, өлген адам Құран мен хадисте айтылғандай, тірі адаммен бірдей құрметке лайық болады. Әрі, өлгеннен кейін мүшелерін басқа біреуге ауыстырған жағдайда да оның құрметі төмендемейді.

Сонымен бірге, тірі адамның мүддесі өліге қарағанда жоғары тұрады. Себебі, тірі пенде тіршілігін жасап, Алланың шариғаты мен дінін насихаттайды, жалғыз Жаратушыға құлшылық етеді.

бес жыл бойы энергетикалық сусындарға шектен тыс әуес болып, үздіксіз іше берген. Нәтижесінде жүрегі дертті болып, оған ешбір дәрі-дәрмек те шипа болмаған.

Дәуренге Алматы облысының 45 жастағы тұрғынының жүрегі салынды. Марқұмның туыстарының келісімімен оның жүрегінен бөлек, бүйрегі Жетісу облысының тұрғыны 17 жастағы науқасқа А.Сызғанов атындағы Ұлттық хирургия ғылыми орталығында және астаналық 18 жастағы пациентке University Medical Center-де трансплантацияланды, өкпе «УМС-те қостаналық 43 жастағы пациентке, көз қабығы кератопластикасы екі реципиентке трансплантацияланды.

Демек, Қазақстанда да трансплантология жасауға машықтанған мамандар, әлемдік стандарттарға сай заманауи технологиялар бар.



ЮНЕСКО

ЖАҢАНДЫҚ ЖАСТАР ФОРУМЫ

Алқалы жиынға әлемнің 60-қа жуық елінен 150-ден астам делегат келді

Алматыда ЮНЕСКО қауымдастықтары мен клубтарының бірінші Жаһандық жастар форумы (GYF) өтті. Форум әлемнің 60-қа жуық елінен келген 150-ден астам қатысушыны біріктірді.

Форум аясында екі күн бойы ЮНЕСКО клубтары мен қауымдастықтарының өкілдері, сондай-ақ үкіметтік, академиялық және бизнес саласының мамандары әлеуетті арттыру, жастардың құқығы мен мүмкіндігін кеңейту, жасанды интеллектіні пайдалану этикасы, цифрлық технологияларды қолдану, тұрақты туризм, климаттың өзгеруі, инклюзия және көркем білім мәселелерін талқылады.

– Қазақстанның әлемдегі маңызды орнын атап өткім келеді, әсіресе, бірнеше жақты келіссөздерде жетістік көп. Сіздердің соңғы жылдарда атқарған тұрақты жұмыстарыңызды жоғары бағалаймыз. Сондықтан бүгін Қазақстанның Ұлттық ЮНЕСКО клубтарының федерациясына арнайы медаль табыстадық. Бұл бейбітшілік, мәдениет пен білімді дамыту мен насихаттауда атқарған жұмыстарыңыздың жемісі, – деді ЮНЕСКО Африкадағы басымдықтарды үйлестіру бөлімінің директоры Мұхаммед Элфарнавани.

Ал Францияның ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясының Бас хатшысы



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Александр Наварро жастарды барынша қолдау керек екенін атап өтті.

Форумның басты нәтижесі – «2025–2030 жылдарға арналған ЮНЕСКО қауымдастықтары мен клубтары жастарының жол картасы» қабылданды. Бұл құжат 94 елдегі 5 мыңнан астам ұйымды қамтитын қозғалыстың стратегиялық даму бағыттарын анықтап, жастардың

мүмкіндіктерін кеңейтеді және ЮНЕСКО клубтарының көшбасшылар желісін нығайтады. Іс-шара ЮНЕСКО және Дүниежүзілік ЮНЕСКО клубтары мен қауымдастықтарының федерациясы (WFUCA), Қазақстанның Ұлттық ЮНЕСКО клубтарының федерациясы, Қазақстан және Франция ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияларының, сондай-ақ ҚР Сыртқы

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Болат АҚШОЛАҚОВ,
Дүниежүзілік және Қазақстанның ЮНЕСКО клубтары федерацияларының президенті:

ЖАСТАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ОРТАҚ БАҒДАРЛАР ЗЕРДЕЛЕНДІ

Бұл форум тарихи мәнге ие. Себебі, біз алғаш рет ЮНЕСКО қауымдастықтары мен клубтарының 60-қа жуық көшбасшысын бірге жинай алдық. Біздің форум мемлекеттік және халықаралық қызметкерлерді, академиктер мен сарапшыларды, жастарды біріктіріп отыр. Жастар – ЮНЕСКО-ның басым бағыттарының бірі. Форум елдеріміздің арасындағы байланыстарды нығайтып қана қоймай, сондай-ақ жастардың тұрақты дамуына бағытталған ортақ бағдарларды әзірлеуге арналған.

істер министрлігінің, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің және Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ЭКОЛОГИЯ

«Таза Қазақстан»:

ЭКО-ХАБ АШЫЛДЫ

Алматыда Satbayev University базасында Эко-хабтың техникалық іске қосылуы өтті. Бұл шара «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында ұйымдастырылды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Евгений МҰХАМЕДЖАНОВ,
экобелсенді, жобаны ұйымдастырушы:

МЕГАПОЛИСТЕ ҮЛКЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ЖАСАУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫРМЫЗ

– Бұл – университет деңгейінде ашылған алғашқы эко-хаб. Біз бұған ұзақ уақыт дайындалдық. Satbayev University халықаралық университеттер үлгісімен әлеуметтік GPA жүйесін енгізді. Яғни, студенттер тек академиялық үлгерім үшін ғана емес, қоғамдық және экологиялық жұмыстарға қатысқаны үшін бағаланады. Бұл олардың волонтерлік қызметке деген ынтасын арттырады. Біз қалдықтарды сұрыптау мен өңдеудің толық циклін көрсеткіміз келеді. Студент өз үйінде пластик қалдықтарын жинап, оларды осында әкеліп сұрыптай алады. Кейін бұл пластик белгілі бір өнімге айналады.

Әрине, барлық өндірісті бір жерге шоғырландыру әзірге мүмкін емес, бірақ біз болашақта университет басшылығымен бірлесе отырып, өңдеу процесінің толыққанды іске асырылуына қол жеткіземіз деп сенеміз. Бұл жерде алған білім мен дағдылар тек университетте қалып қоймай, студенттердің үйіне, отбасына, достарына таралады. Көп жағдайда экологиялық мәдениетті мектеп оқушылары ата-анасына үйрететіні сияқты, студенттер де өз айналасын осы өзгерістерге тартатын болады. Біз адамдарды осы жаңа мәдениетке бейімдеп, оларды күнделікті өмірде экологиялық әдеттерді қолдануға үйретеміз.

Алматыда 250 мыңнан астам студент бар. Егер әр университетте осындай эко-хабтар ашылса, онда біз экологиялық қозғалыстың ауқымын еселеп арттыра аламыз. Бұл – үлкен күш. Сонымен қатар, біз әр университеттің студенттерімен бірлесе отырып, қалалық деңгейде үлкен экологиялық жобалар жасауды жоспарлап отырмыз. Бізге жүздеген тұрғын үй кешендерінің тұрғындары қалдықтарды сұрыптау мүмкіндігінің жоқ екенін айтып, хабарласып жатады. Сондықтан Эко-хабты кеңейтіп, оны барша қала тұрғындары үшін қолжетімді ету маңызды. Бұл – үлкен әрі маңызды қадам.



Суретті түсірген Саиат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

**Ернұр
РЫСБАЙ**

Жоба студенттерді тұрмыстық қалдықтарды сұрыптауға үйретіп, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталды. Эко-хаб аясында студенттер өз қолдарымен пластиктен түрлі заттар – сағаттар, жануар мүсіндері, кілтке арналған брелоктар және басқа да бұйымдар жасауды үйренді. Сондай-ақ, мамандар «гринвошинг» мәселесі бойынша шеберлік сабақтарын өткізіп, оның салдары туралы айтып берді.

Жоба ұйымдастырушысы Евгений Мұхамеджановтың айтуынша, Эко-хаб бойынша үлкен дайындық жұмыстары жүргізілген. Эко-хабтың негізгі мақсаты – қалдықтарды өңдеу мен қайта пайдалану мәдениетін қалыптастыру. Сондай-ақ, экологиялық әдеттерді университет қабырғасында қалыптастыру. Эко-хаб алдағы уақытта студенттерден бөлек, көрші тұрғын үй кешендерінің тұрғындарына да қолжетімді болмақ.

ВЕЛОИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖАҢА БАҒЫТТАР

Алматыда 20 шақырымнан астам веложол салынады

Алматыда экологиялық көлік инфрақұрылымы жанданып келеді. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында экологиялық таза көлік түрлерінің инфрақұрылымын дамыту жалғасуда. Биыл қалада 20 шақырымға жуық веложол салу жоспарланған.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Қалалық мобильділік басқармасының мәліметінше, 2024 жылы Саин –Мөңке би жолайығын салу аясында 2,4 шақырым веложол салынды. «Биыл Абай даңғылын қаланың шекарасына дейін және Саин көшесін Рысқұлов даңғылынан Мөңке би көшесіне дейін ұзарту аясында 7,2 км веложолақ салу жоспарланған. Сондай-ақ, Райымбек батыр даңғылы бойымен BRT желісінің құрылысы шеңберінде шамамен, 15 км веложолақ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асан БОСТАНОВ,
Алматы қалалық мобильділік басқармасы басшысының орынбасары:

КЕПТЕЛІС АЗАЙЫП, КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖАҚСАРАДЫ

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Манас, Ақан сері, Қазыбек би көшелерінде жаңа веложолдар мен веложолақтар салу мәселесі қарастырылуда. Бұл жобалардың мақсаты – қолданыстағы веложолдарды жаңа бағыттармен байланыстыру. Сондай-ақ, Жандосов пен Саин көшесіндегі веложолды Абай даңғылындағы жолмен қосу мәселесі қарастырылып жатыр. Бұл ауаның ластану деңгейін төмендетіп қана қоймай, жол жүру жеңілдейді. Кептеліс азайып, қаладағы жалпы көлік қозғалысы жақсарады.

Ресми деректерге сәйкес, Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 млн 200 мыңнан астам адам алынған екен. Солардың жартысынан көбі майдан даласынан оралмаған. Сол соғысты Германияда аяқтап, жеңісті жақындатқандар сапында он жеті жасында майданға аттанып, аман-есен оралған қазақтың мықты ақыны да болған.

А

Нұрлан СҮЙІН

«Жетімдікті мендей көрген бала ілуде біреу болар»

Қазақ поэзиясында керемет ақын деп бағаланып, замандастары мойындаған Тоқаш Бердияровтың құжатына екі жас қосып алып, он жеті жасында соғысқа аттанғанын білесіз бе?!

Тоқаш Бердияров Оңтүстік Қазақстан облысында 1925 жылдың 19 қазанында дүниеге келіпті. Жетім өскен Тоқаш бес жасынан Ташкенттегі №6 балалар үйі мен №23 қазақ балалар үйінде тәрбиеленіпті. *«Жиыrmасыншы ғасырдың отызыншы жылдарының басында ауылымыздың қасындағы Ташкент қаласын паналадық. Сеңдей соғысқан жетімектермен бірге мен де детдомдық «пропискаға» іліктім...»*, – деп еске алыпты сол кездерді Тоқаш ақын. Еңбекке ерте араласқан Тоқаш 13 жасынан колхоздың мақта алқабында тәбілші болған. Бұл туралы да ақынның өзі: *«Жетімдікті мендей көрген бала ілуде біреу болар. Алты жасымда мектепке бардым. Есеп шығаруда, өлең жаттауда ешкімге дес бермедім. Үшінші сыныпты аттап өтіп, 13 жасымда ауылдағы орталау мектепті үздік бітірдім. Іле-шала ұжымшардың есепшотына, ауылдық кеңестің хатшылық жұмысына араласып кеттім»*, – деп еске алыпты.

1-ші Украина майданынан – Берлинге дейін

Тоқаш он алтыға да толмаған кезінде Ұлы Отан соғысы басталады. Қиялшыл, өлеңқұмар бозбаланың санасына тағы бір арман қосылады ғой. Ол – алапат соғысқа барып, Отан қорғау еді. Ерте есейген бозбала соғысқа кетудің жолын іздестіреді.

Бұл – совет мемлекетінің Екінші дүниежүзілік соғысқа 18 бен 45 жастың аралығындағы жарамды жандардың барлығын алып жатқан кезі еді.

Кеудесінде жалындаған оты бар Тоқаш бозбала ретін тауып құжаттағы жасына екі жас қосып, 1942 жылы майданнан бір-ақ шығады ғой. Ол кезде оккупацияда қалған 14-15 жастағы украин, орыс ұлдары майданда «полк баласы» болып жүрген еді. Ал Тоқаш болса қолына қару алып, қасап майданға түсті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Болат ШАРАХЫМБАЙ, ақын, ҚР мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері:

Қазақ поэзиясында қайталанбас олжа салып, өз мектебін қалыптастырған тұлға

Қазақ әдебиеті тарихының төрінен өз орнын ойып тұрып алған бір ақын болса, ол, сөз жоқ, Тоқаш Бердияров. Ол қазақ өлеңінің қадір-қасиетін, көркемдік дәрежесін асқан зор шеберлікпен шырқау биікке көтерген сирек суреткер, халықтық ақынға айналған дара тұлға. Қазақ әдебиетіне елуінші жылдары қосылған ақынның алғашқы кітабы «Шалқы, теңіз» – жетімхананың қара нанын жеген жаралы жүрек, «ер етігімен қар кешкен» майдангер, матрос, суретші, ақын Тоқаш Бердияровтың өмірден көрген, көңілге түйгендері мен сезінгендерінің өлең болып ақ қағазға түскен беташар көрінісі еді. Осы беташар кітабымен-ақ сол кездегі әдеби әлемді елең еткізді. Ол ойлы оқырман үшін отыз шақты жыр жинақтарымен бірге, прозалық шығармалар да ұсынды. «От және гүл», «Ескі паровоз», «Сөнбейтін оттар» сынды дастандары қазақ поэзиясында құбылысқа айналды. Көптеген өлеңдері шетел тілдеріне, атап айтқанда, орыс, эстон, болгар, өзбек, тағы басқа тілдерге аударылды. Өзі де тәржіма өнерімен айналысып, орыс ақындары С.Есенин мен Ф.Тютчевті қазақша сөйлеткен. Мұның бәрі – өршіл жырларымен ұлтын асқақтатқан ақиық ақын Тоқаш Бердияровтың айшықты қолтаңбасы.

Қазақ поэзиясында қайталанбас олжа салып, өз мектебін қалыптастырған ақындар бізде соншалық көп пе? Тоқаш Бердияровтың есімі істеген ісіне лайықты еленбей ескерусіз қалғанын қалай түсіндіруге болады? Шайырдың атын мәңгі есте қалдыруда ешқандай бір іргелі жұмыстардың ұйымдастырылмай, ұмытылып бара жатқанын несіне жасырамыз? Еліміздің бас шаһарлары – Астанада, Алматы мен Шымкентте оны еске түсіретіндей бірде-бір көше, кітапхана, мәдени орталықты кездестіре алмайсыз. Соңғы отыз жылда мемлекеттік тапсырыспен бірде-бір кітабы жарық көрмепті. Тіпті, Алматыдағы ақын тұрған үйге ақын тұрған үйге (Гоголь көшесі 15, 69-пәтер) мемориалдық тақта орнатылмаған. Халықтың сүйіктісіне айналған ақынның әзіз есімі оқырман жүрегін әлі күнге тербетіп келе жатқанына шүкіршілік етесіз...

Тоқаш Бердияровтың ақындық талантын аға буын өкілдерінен Мұхтар Әуезовтен басқа, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Қасым Аманжолов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Қалижан Бекхожин, Ғафу Қайырбеков, Серік Қирабаев, Сағат Әшімбаев сынды ақын-жазушылар жоғары бағалаған.

Ақындық мұраты – елдікті ұлықтау, өрлікті көрсету болса, ақынға тұрғызылған ескерткіштің мұраты – халықтың отаншылдығын ояту, өзін-өзі тануды үйрету. Ақынға көрсетілген құрмет – әдебиетке көрсетілген құрмет. Әдебиетке көрсетілген құрмет – руханиятқа көрсетілген құрмет. Ал ұлттың рухын асқақтату үшін Тоқаш Бердияров сынды біртуар ақынға лайықты құрмет көрсетуіміз керек. Одан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Мұндай тұлғалардың ескерткіші елдікке қызмет етеді.



ЖЕҢІС ЖАУЫНГЕРІ

небәрі он жеті жасында соғысқа аттанып, талай ерлік көрсеткен Тоқаш Бердияров есімі неге елеусіз қалып барады?



Он жеті жасында алапат соғысқа аттанып, Берлинге дейін жетіп, Жеңіс жауынгері атанған қазақтың қайсар ұлы – Тоқаш Бердияровтың ерлік жолын мәңгілік ұлықтау – бүгінгі ұрпақ алдындағы қастерлі парыз.

1-ші Украина майданында соғысты Тоқаш майдангер. Содан 17 жастағы жауынгер Тоқаш Бердияров қасап майданның қақ ортасында жүріп, Берлинге дейін жетті. Жиырма жасында жеңісті тойлады. Соғыста жауды Совет жерінен тықсырып, бүкіл Шығыс Еуропа – Румыния, Венгрия, Чехословакия, Австрияны азат етіп, Германияға барып

ЗЕРДЕ



alatauaqparat@gmail.com

бір-ақ тоқтаған ғой азамат. Талай ерлік көрсетіп, қатардағы жауынгерден сержант шені мен бөлімше командиріне дейін өскен. Майдандағы ерлігі үшін Тоқаш Бердияров «За отвагу», «За оборону Ленинграда», «За освобождение Праги», «За взятие Берлина», т.б. медальдармен, «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталыпты.

Ақын естелігінен:
«Егер мен соғыс кезіндегі және Ұлы Жеңістен кейінгі жүріп өткен жолымды қағаз бетіне түсірсем, жарты Еуропаның топографиялық картасы сызылар еді...».

Сұңгуір қайықта қызмет еткен жалғыз қазақ

Және бір қызық оқиға: Тоқаш майдангер соғыстың соңына Германияның Ильменау қаласының гауптвахтасына түсіп қап, оны абақтыдан сол Ильменау қаласының коменданты Қалмұқан Исабай шығарып алған екен. Қос қаламгер солай танысып, кейін қазақтың әдебиет майданында қатар жүрген.

Жиырма жастағы Тоқаш Бердияров Ұлы Жеңістен соң да әскер қатарында қалған. Ес білгелі соғысқа араласқан бозбала басқа қайда барсын. Сол кезеңде азиаттарды ала бермейтін Әскери-теңіз флотында қалған ғой. Қызыл тулы Балтық теңізі флотында теңізші бопты Тоқаш. Қазақтың қайсар ұлына теңізің не, құрлығың не, бірдей боп тұр ғой сонда. Ақынның естелігіне сүйенсек, сол жылдарда сұңгуір қайықта қызмет еткен жалғыз қазақ Тоқаш бопты. Ол бұл әскери қызметтен 1950 жылы ғана елге оралады.

Алапат майданнан – әдебиет майданына

Алапат соғыстан кейін де Кеңес әскері қатарында төрт жыл қызмет еткен Тоқаш ақын 1950 жылы Алматыға оралып, әдеби ортаға араласты. Қазақ поэзиясынан ойып тұрып өз орнын алды, өзінен кейінгі талай шайырларға ұстаз болды. Елуінші жылдар ақынжанды Тоқаштың кеудесінде жазылмаған жырлар тұнып тұрған кезең еді. Майдангер Бердияровтың өлеңі 1945 жылы Оңтүстік Қазақстан газетінде жарық көрді деген де дерек бар... Поэзияға бірыңғай ден қойған Тоқаш Бердияровтың алғашқы жыр жинағы «Шалқар теңіз» деген атпен 1952 жылы жарық көреді де, өз ортасына, Алматысына оралған Тоқаш ақынның шабыты шарықтап, талай жауһар жырлар жазылады.

1958–1962 жылдары ол республикалық «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде қызмет етті. 1960 жылдан бастап он бестей өлең мен поэма жинақтары, үш әңгіме мен повестер жинағы басылды.

Замандастары жоғары бағалаған дарынды ақын

Қазақ поэзиясындағы ерекше ақын болған Тоқаш Бердияровқа сол дәуірдің ақын-жазушылары да өз бағасын берген екен. Сәбит Мұқанов: «Шынында да Тоқаш Бердияров бәрімізден бөлек тұлға, өте дарынды ақын...», – десе, Қадыр Мырза-Әлі: «...Заманға лайық жаңалық әкелген ақындар – Мұзафар Әлімбаев пен Тоқаш Бердияров еді», – депті.

Осынау мойындау, жыр әлемінде ойып орын алудың бастауы сонау ерте есейткен, жетімдік көрген балалық шақтарда, еңбекке араласып, Отан қорғаған бозбала кезеңдерде жатыр-ау.

Ең алдымен, Ол – майдангер ақын еді...

РЕДАКЦИЯДАН:

- **Бозбалалық шақтан-ақ талай тар жол, тайғақ кешулерден тайсалмай өткен Жеңіс жауынгерінің ерлігі, ұлттық әдебиет әлемінде тағылымды мұра қалдырған Тоқаш Бердияровтың тұлғасы неге осы уақытқа дейін ескерусіз, елеусіз қалып келеді?**
- **Биылғы Ұлы Жеңіс күнінің 80 жылдығы қарсаңында және Тоқаш Бердияровтың 100 жылдығына орай тиісті орындар осынау олқылыққа маңыз беріп, тиісті қорытынды шығарады деп сенеміз. Алматыда дарынды ақын тұрған үйге ескерткіш-тақта қойылып, батыр есімі оңтүстік астананың бір көшесіне берілсе, құба-құп.**



БАУЫРЛАСТЫҚ

Бинали ЙЫЛДЫРЫМ: ҚАЗАҚСТАН – ТҮРІК ХАЛҚЫНЫҢ АТАЖҰРТЫ

Алматыда Түркияның көрнекті саяси қайраткерінің көшбасшылық дәрісі өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Түркияның бұрынғы Премьер-министрі, Түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бинали Йылдырымның көшбасшылық дәрісі өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстанға арнайы сапармен келген Бинали Йылдырымға «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Құрметті Профессоры» атағы берілді. Көшбасшылық тақырыбындағы мұндай дәрістер студенттер мен қоғам мүшелеріне маңызды мәселелерді талқылауға және тәжірибе алмасуға көп мүмкіндік береді. 2016–2018 жылдары Түркияның Премьер-министрі лауазымын атқарған дипломат елдің саяси және экономикалық реформаларын басқарды. Қазіргі уақытта Бинали Йылдырым Түркі мемлекеттері ұйымының Ақсақалдар кеңесінің төрағасы қызметін атқарады. Ол түркітілдес елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға және ортақ мүдделерді қорғауға үлес қосып келеді. Дәріс барысында қазақ-түрік байланыстарының тарихи сабақтастығы туралы айта келіп, әңгімесінде ата-бабасының ізі қалған мекенге келгеніне қуанышы шексіз екенін де жасырмады.

– Қазақстан – түрік халқының атажұрты. Жақын жандардың, бауырлардың арасына келгеніме қуаныштымын. Осы өлкеде аталарымыздың ізі қалған. Ортағасырлық ұлы ойшыл, философ Әбу Насыр әл-Фарабидің атын арқалап тұрған оқу ордасында студенттермен кездесіп, дәріс өткізу біз үшін өте маңызды. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін, Түркия оны бірнеше минуттан кейін ресми түрде танығанын дүние



жүзіне мәлімдеді. Сол күннен бастап бүгінге дейін ағайын арасы үзілген емес, – деді Түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бинали Йылдырым.

Дәріс соңында саясаткер университеттің бас мұражайында болып, оқу орнының ғимаратын аралады.

• *Жиынға Түркияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Мұстафа Капуджу, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің өкілетті Кеңес төрағасы Мұхитдин Шимшек, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бұрынғы төрағасы Қайрат Мәми, Түркиядан келген делегация, университет мұғалімдері мен студенттері қатысты.*

316–АТҚЫШТАР ДИВИЗИЯСЫ



ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Елімізде Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеуге дайындық басталып кетті. Осыған орай, Бостандық аудандық Ардагерлер кеңесі мен №93 мектеп ұжымы «316-шы атқыштар дивизиясының ерліктері» атты «дөңгелек үстел» өткізді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Тақырыптың мазмұнына сай көрме ұйымдастырылып, оған жауынгерлердің әскери киімдері, пайдаланған ыдыстары қойылды. Бұл күні жас ұрпақ санасына ерлікті дәріптеу үшін қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Құрманғалиев, «Ұлы Жеңіс мұрагерлері» атты жоба жетекшісі, Әл-Фараби атында-

ғы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, т.ғ.д. Ләйла Ахметова арнайы келді.

Кеш барысында Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақстандықтардың көрсеткен ерлігі, қазіргі жүргізіліп жатқан іздестіру жұмыстары кеңінен сөз болды. Жасөспірімдерге Ұлы Отан соғысы жылдарында жанқиярлық қаһармандық көрсеткен «316-дивизияның» жауынгерлері, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының ерлік жолдары туралы қызықты әңгімелер айтылды.

Мектеп оқушылары Калашников автоматын шашып- жинау сынды әскери ойында өз өнерлерін көрсетті. Осы ауданға қарасты №183 мектептің алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Омархан Жораханұлы «316-шы атқыштар дивизиясы» туралы қызықты деректер ұсынды. Кездесудің соңы «Атамекен» әніне ұласты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің ректоры:

МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА

Қазақстан–Түркия қарым-қатынасында үлкен үлес қосқан мемлекет қайраткері Бинали Йылдырымның біздің университетімізге келіп, көшбасшылық дәріс өткізуі – маңызды оқиға. Түркия Республикасының қалыптасуында, халықаралық деңгейде танылуы үшін маңызды жұмыстар атқарды. Мен Бинали мырзаны ұзақ жылдан бері танимын. Түркияда елші болып жүрген кезімде іс-шараларға қатыстық. Бізге көмегін аямады.

AMANAT

ҮЗДІК ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ аймақтық байқау

Алматыдағы AMANAT партиясының қоғамдық қабылдау бөлмелері арасында үздіктерді анықтауға арналған «Үздік қоғамдық қабылдау бөлмесі» аймақтық байқауы өтті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұл байқау партияның қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмыс сапасын арттыру, халықпен тиімді байланыс орнату, қызметкерлердің кәсіби біліктілігін жетілдіру және олардың белсенділігін ынталандыру мақсатында ұйымдастырылды.

Конкурсқа Алматы қаласындағы барлық аудандық филиалдар қатысып, өздерінің атқарған жұмыстарын ұсынды. Әрбір қоғамдық қабылдау бөлмесінің қызметі жан-жақты бағаланып, олардың тұрғындармен жұмыс жүргізу сапасы, азаматтардың өтініштерін қарастыру тиімділігі, проблемаларды шешу жолындағы нәтижелілігі ескерілді.

Арнайы комиссияның шешімімен Алатау аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесі үздік деп танылып, I орынды иеленді. Бұл филиал өз қызметінде азаматтардың өтініштеріне жедел



жауап беруімен, тиімді шешім қабылдауымен және тұрғындардың әлеуметтік мәселелерін шешуге белсенді атсалысуымен ерекшеленді. Осы жеңісінің арқасында Алатау аудандық филиалы республикалық деңгейде өтетін байқауға жолдама алды. Ал Наурызбай аудандық филиалы – II орын, Бостандық аудандық филиалы – III орын, Медеу аудандық филиалы – үлгілі жұмысы үшін ынталандыру сыйлығына ие болды. Жеңімпаздар арнайы Алғыс хаттармен марапатталды. Байқау барысында қатысушылар халықпен жұмыс істеудегі тәжірибелерімен бөлісіп, өзара пікір алмасты.

AMANAT партиясының қоғамдық қабылдау бөлмелері азаматтардың мұң-мұқтажын тыңдап, олардың мәселелерін шешуге ықпал ететін маңызды алаң болып табылады. Бұл байқау қоғамдық қабылдау бөлмелерінің қызметін одан әрі жетілдіруге, олардың жұмыс сапасын арттыруға және халықпен тығыз қарым-қатынас орнатуға серпін бермек.



ГАЛЕРЕЯ

ӨНЕРДІН ЖАҢА ӨРНЕГІ

Алматыдағы дәстүр мен заманауи трендтер үндестігі



Алматы – өнер мен мәдениеттің тоғысқан мекені. Бұл қалада шығармашылықтың шекарасы жоқ. Өнер туындыларын айрықша бағалайтын жан болсаңыз, қаламыздағы галереяларға саяхат жасауды ұсынар едік. Ондағы өнер туындылары сізге шаһарымыздың жай көзге көрінбейтін ішкі қуатын әйгілері сөзсіз.

**Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ**

Қаламызда бейнелеу өнеріндегі отандық және шетелдік шеберлердің туындыларын жинақтаған өнержайлар аз емес. Дегенмен, Esentai Gallery мен Aspan Gallery бөлекше бөгенайымен көзге түседі. Себебі, мұнда дәстүр мен заманауи трендтер тоғысқан. Мүлде өзгеше кеңістік соңғы уақытта қала жастарын да өзіне баурай түскен. Сондықтан да кезекті журналистік ізденісімізді соларға бағыттадық.

Esentai Gallery – өнер кеңістігі



Esentai Gallery есігінен төріне дейін эстетиканың нәзік те биік талғамын байқау қиын емес. Өнержайдың жұмысы жөнінде директоры Тоғжан Сақбаева ханымның өз аузынан естуге мүмкіндік алдық. Ол галереяның негізгі мақсаты – заманауи өнерді дамыту екенін, осы

бағытта галерея түрлі шығармашылық жұмыстарға бастамашылық етіп келе жатқандарын жеткізді. Айталық, көрмелер ұйымдастыру, арт-резиденциялар өткізу, білім беру бағдарламаларын дамыту және коллекционерлер клубын құру сынды жұмыстарды ұйымдастыруда. «Қазақстанда заманауи өнер Алматыда шоғырланған» дейді сөзінде Тоғжан Алтайқызы. Ол және заманауи өнерге жастардың қызығушылығы да жылдан-жылға артып жатқанын айтты.

Соңғы жылдары басқа қалаларда да

жаңа өнер алаңдары ашылып, суретшілер үшін зерттеу мен шығармашылық жұмыстар жүргізуге жаңа платформалар кеңейе түскен. Мысалы, 2017 жылы Art Future жобасын бастағанда көрмелерге 20–30 адам ғана келетін болған. Олардың басым бөлігі өнер саласының өкілдері ғана болған. Тоғжан ханым бүгінде Esentai Gallery-ге әр көрмеге 10 000-нан астам көрермен келіп тамашалайтынын айтады.

– Галереяның аудиториясы алуан түрлі. Мұнда студенттер, кәсіпкерлер, коллекционерлер, өнер өкілдері мен туристер жиі келеді. Әр көрменің ашылуы – нағыз мереке десе болады. Сондай-ақ галереяға шетелдің елшілік өкілдері мен танымал тұлғалар да қонақ болып тұрады. Әсіресе, Франция, Испания, Ұлыбритания секілді елдердің елшілері жиі қатысады. Жақында Испания корольдігінің Қазақстандағы жаңа елшісі Луис Мартинес Монтес мырза үшін арнайы экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсиядан кейін ол Алматыға деген ерекше ықыласымен бөлісіп, жылы лебізін қалдырды, – дейді өнержай директоры.

Aspan Gallery – еліміздің заманауи өнер галереясы. Онда жинақталған туындылар әлеуметтік мәселелерді қозғап, көрермендерді ойлануға және жаңа көзқарастар қалыптастыруға шақырып тұрады. Галерея заманауи өнердегі жаңа ағымдарды дәріптеп, қазақ мәдениеті мен тарихына жаңаша көзқараспен қарауға жетелейді. Мұнда қазақстандық және шетелдік заманауи суретшілердің ең өзекті туындылары ұсынылған.

2015 жылдан бастап галерея Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайымен бірлесіп, Орталық Азия суретшілерінің жеке көрмелерін ұйымдастыра бастаған. Бұл суретшілер халықаралық деңгейде жоғары бағаланғанымен, өз елінде әлі кең танылмаған болатын. Aspan Gallery тек өңірлік өнерді ғана емес, шетелдік заманауи суретшілердің шығармашылығын да насихаттайды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ольга БАТУРИНА,
өнертанушы, ҚР Суретшілер одағының мүшесі:

Заманауи өнерге сүйсінетіндер көп

Esentai Gallery мен Aspan Gallery – еліміздегі ең жарқын, сәтті және танымал галереялардың бірі. Екі галереяда еліміздің заманауи өнерін таныстыруға маманданған. Олар жас және жаңа буын суретшілерінің есімдерін қалыптастырып қана қоймай, әлемге танымал шеберлердің әсерлі әрі есте қаларлық көрмелерін жиі ұйымдастырып келеді. Esentai Gallery бүінде тек ерекше экспозициялар мен арт-жобалар ғана емес, заманауи өнердің түрлі бағыты бойынша дәрістер өткізетін алаңға айналғаны тағы бар. Бұл – көрермендерге концептуалды өнердің қыр-сырын түсінуге мүмкіндік беретін маңызды ағартушылық жоба. Мұнда өнерсүйер қауым суретшілермен тікелей кездесіп, заманауи өнерді тереңірек қабылдауға мүмкіндік ала алады.





МҰРАЖАЙ

ҚОНАЕВ ҚҰТХАНАСЫ

Қазақ халқының тардақты ұлы, дара тұлға Дінмұхамед Қонаев ұзақ жылдар Алматыдағы Төлебаев көшесі бойындағы №119 үйде тұрды. Қазір бұл үй мемориалды пәтер-мұражайға айналған. Біз Алматы қаласы музейлер бірлестігі, Д.Қонаев музейінің ғылыми қызметкері Құралай Қожаханованы әңгімеге тарттық.



Сенсорлы қондырғылар мен электронды жүйені қосып, қысқаша деректі фильммен қоса, ретро көгілдір экраннан тұлға туралы, ол кісімен етене жақын жүрген көмекшілері айтқан естеліктерді үш тілде тыңдауға әрі көруге болады. Сонымен қатар, QR-кодтар қойылып, дыбысталған аудиогид жүйесі енгізілді. Музейдегі мультимедиа құралдарының тағы бір ерекшелігі, көгілдір экраннан Д.Қонаевтың естеліктері негізінде жасалған субтитрлі аударманың көмегімен үш тілдегі бірнеше деректі фильмді көріп, тамашалауға болады.

кезде Үкімет үйінде пайдаланған жұмыс үстелі осында тұр. Бұл жәдігер кемеңгердің қызметтік кезеңінің белгісі, көз алдыңызға оны елестететін гиперреалистік бейнесінің қойылуы да келушілерді бей-жай қалдырмасы анық. Тіпті, кейбір кісілер «осы бейнені көру үшін арнайы іздеп келдік» дейді.

ЖӘДІГЕРДІҢ ДЕ
«ЖАНЫ» БАР

– Мұражайдың атқарып отырған міндеті туралы да бірер сөз айтсаңыз...

– Алғаш рет 2012 жылдың 12 қаңтарында Димаш Ахметұлының туған күнінде ашылды. Әрине, халқы үшін Қонаевтың мемориалдық пәтер-музейінің ашылуы елеулі оқиға болды.

руға, тереңірек білуге болады. Мұнда Дінмұхамед Қонаевтың көп жылғы жемісті еңбегінің нәтижесі сараланып, Қазақстанға қалдырған мұрасы, оның ішінде экономикалық, әлеуметтік және мәдени жетістіктері баса көрсетіліп отыр.

Әулет иелерінің отбасында қолданған дүниелері де келушілерді қатты қызықтырады. Музейдегі әрбір жәдігердің өзіндік тарихы бар. Мәселен, ол кісінің зайыбы Зухра Шәріпқызының қолынан шыққан бұйымдардың барлығы бар. Өз қолымен кестелеп тіккен жастықшалары, тұтынған ыдыс-аяғы, әтір, опадалабы сол күйі сақтаулы тұр. Отбасылық тұтынған дүниелерін тамашалаған келушілер тұлғаның қарапайымдылығына тәнті болғандарын айтады.

Жалпы, музей дегеніңіз барлық құн-

«АҚИҚАТТАН АТТАУҒА
БОЛМАЙДЫ»

– Құралай Кәріпжанқызы, Қонаев музейінің қайта жаңартудан өткені белгілі. Қандай жаңашылдық, жаңалық бар?

– Халқының құрметіне бөленген Димаш Ахметұлының қазір екінші дәуірі басталғандай. Осыдан бірер жыл бұрын, яғни 2022 жылы музей толықтай қайта жаңартудан өтті. Мұндағы жәдігердің барлығы баға жетпес құндылық. Сондықтан олар сол қалпында тұр. Жөндеу жұмысы жүргізілген соң, келушілер легі тіпті көбейе түсті. Міне, мына жаңа реэкспозиция «Қонаев дәуірі» деп аталады. Жалпы, музей экспозициясы Д.Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды» деп аталатын естелік кітабының негізінде жасалып отыр.

Музей толығымен заманауи талаптарға сай жасалды. Қазір мұнда ақпарат алуға барлық мүмкіндік жасалған.

Соңғы жаңалығымыз, ерекше жаңаттылығы бар адамдардың да музейге келуіне жағдай жасалып отыр. Заманауи жеделсаты салынды. Сондай-ақ, музейге келушілер бірінші және екінші қабатында орналасқан хронология жүйесі бойынша Д.Қонаевтың өмірбаянымен танысуларына болады. Мәселен, Д.Қонаевтың шығу тегі, ата-бабасы жайлы жазылған «Ақиқаттан аттауға болмайды» кітабының алғашқы бетіндегі шежіре қойылды. Бірінші қабатта Д.Қонаевтың отбасы, ата-анасы, балалық шағы мен студенттік кезі мен қарапайым өсу баспалдақтары, қоғам қайраткері ретінде қалыптасу жолы туралы деректер мен тарихи мағлұматтар қойылған. Кемеңгер тұлға мұражайы әлі де жаңа деректермен толығып жатыр.

Әлгінде өзіңіз көрген сыйлықтар мен қару-жарақтарды кезінде Димаш Ахметұлына шетел басшылары, мемлекет, қоғам қайраткерлері мен әскери шенді қызметтегі басшылар сыйға берген. Жапония президенті Ясухиро Накасонэ, Румын президенті Н.Чаушеску берген сыйлықтар да осында. Қазір ол сыйлықтар музейдің екінші қабатынан орын алды.

Тағы бір жаңашылдық – Д.Қонаев бес жыл Министрлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарған

Мемлекет қайраткерінің тұрған үйі, тұтынған заттары сол қалпында халыққа ұсынылды. Содан бері бұл үй бүгінгі ұрпақтың өткен тарихты елестете отырып, тағылым ететін орнына айналды.

Сақталған жәдігерлер Дінмұхамед Ахметұлының жекелеген заттары, тұрмыстық, техникалық құралдары, 5 мыңнан астам анықтамалық және көркем әдебиет кітаптары, авторлардың жеке лей қолтаңбасы жазылған кітаптар, іссапарға барғанда мұсылман елдерінен жинаған Құран кітаптары, түрлі саладағы бейнелік топтамалар, жиһаздар, мерейтойларына арналған көптеген сыйлықтары, 450-ден астам оттықтар топтамасы сияқты заттар қойылған. Халқы үшін сіңірген зор еңбегі үшін үш рет Социалистік Еңбек Ері деген жоғарғы атаққа, 8 рет Ленин, Еңбек Қызыл Ту және Октябрь революциясы ордендерімен, 50-ге жуық медальдармен марапатталды. Марапаттардың бәрі осында тұр. Музейіміздегі жәдігерлер мен фотосуреттер арқылы Д.Қонаевтың үнемі жұмыс басында, ел арасында, құрылыспен егіс алқабында жүргенін байқауға болады. Әрине, ол заманда ел басқару оңайға түскен жоқ. Десек те, Қонаев музейінің жәдігерлері арқылы өткен тарихтың құпиясы мен қыр-сырын аңға-

дылықтың кені ғой. Оның басты қызметі – бағалы байлықты, рухани құндылықты сақтап қалу. Мұражай ұжымының басты мақсаты – Қонаевтың мұраларын жинақтап, зерттеу. Бұл ретте музей ұлы тұлғаның мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа дәріптеп, оның есімін насихаттап, келушілерге мәдени-ағартушылық қызмет көрсетеді.

– Музейдегі ең басты талап қандай?

– Бұл мемориалды пәтер-үй тек Д.Қонаевтың музейі ғана емес, көрнекті мемлекет қайраткерінің өмірі мен қызметін, Қазақстан тарихын зерттеу, насихаттау орны. Әлі талай ұрпаққа қызмет ететін мекеме. Сөз жоқ, әрбір тарихи жәдігер ел болашағы – жастарымыздың патриоттық сезімін оятып, олардың ұлттық құндылықтарымызды құрметтеуіне ықпал етеді. Сондықтан біз мұражайдағы әрбір жәдігерді көздің қарашығындай сақтауға тиіспіз. Әлемдік үрдіске сай, мұнда суретке түсуге, жәдігерге қол тигізуге болмайды. Музей тыныштықты қалайды.

– Димаш Ахметұлының көлігі көзіме түспей тұрғаны...

– Ол кісінің көлігі қазір Қонаев қаласында тұр.

Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕНДІР.

ЖАҢА ҰРПАҚ

ОНЛАЙН ОҚУ
ОҢТАЙЛЫҮйден ұзамай
білім алуға болады

Бес жыл бұрын Мадина үшін білім алу тек дәстүрлі жүйеге негізделген болатын. Ол күнде мектеп пен қосымша сабақтар арасындағы жолды сан мәрте жүріп өтетін. Таңертең мектепке барып, түстен кейін ҰБТ-ға дайындалу үшін қосымша сабаққа асығатын.

Мұндай қарбалас күн тәртібі оқушылардың уақытын ғана емес, күш-жігерін де талап ететін. Сол кезде қосымша білім алудың жалғыз жолы – офлайн орталықтарға бару еді. Иә, күнделікті сабақты жіберіп алмау үшін оқушылар әрдайым жол жүруге мәжбүр болды, бұл олар үшін үлкен қиындық тудыратын.

Ал қазір заман өзгерді, технология дамыды. Қазіргі күні білім беру саласында онлайн жүйенің кеңінен таралуы жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, оқушыларға қосымша білім алудың мүлдем тиімді форматтарын ұсынууда.

Қазіргі күні Мадина уақытпен санаспай, білімге ұмтылып, қиындықтарды да жеңуге тырысқан сәттерінің жемісін көре бастады. Ол – «Edukey» онлайн білім беру жобасы ҰБТ бөлімінің жетекшісі. Өткен жылдардағы өз тәжірибесін еске ала отырып, қазіргі онлайн білім беру жүйесінің тиімділігіне әбден көз жеткізген жас маман. Тек білімге деген құштарлық, ынта және асқақ арман мен үлкен мақсаттарың болса жеткілікті дейді замандасымыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мадина
МЫРЗАЛИЕВА,
«Edukey»
онлайн білім
беру жобасы
ҰБТ бөлімінің
жетекшісі:

ОҚУШЫЛАР МЕН
ТАЛАПКЕРЛЕР
ҮШІН ҮЛКЕН
МҮМКІНДІК

Оқушылар бұрынғыдай мектептен кейін қосымша сабақтарға жүгіріп, жол машақатын тартпай-ақ, үйлерінде отырып-ақ сапалы білім ала алады. Бұл бүгінгі ұрпақ үшін уақыт пен күшті үнемдеудің тиімді жолына айналды. Онлайн оқу – қазіргі оқушылар мен талапкерлер үшін өте үлкен мүмкіндік.

Шын мәнінде, білім алу – әрбір адамның өміріндегі ең маңызды кезеңнің бірі. Әсіресе, қазіргі заманғы технологиялардың қарқынды дамуы білім беру саласында үлкен өзгерістер енгізіп, оны барынша қолжетімді, ыңғайлы және тиімді ете түсуде. Сондықтан жастардың білімді болмауға қақысы жоқ деп ойлаймын.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ» ЖЫЛЫ

ТҮЛЕКТЕРМЕН ЖҮЗДЕСУ

Алматыда «Кешегі шәкірт – бүгінгі маман» атты
іс-шара ұйымдастырылды

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Жұмысшы мамандықтар жылы аясында ұйымдастырылып отырған бұл іс-шараға өз саласының білгірі, мамандығының майталманы атанған мектеп түлектері шақырылды. Кездесуді ашқан Алматыдағы №17 мектеп-интернат басшысы Серік Беркінұлы адамның ең асыл қасиетінің бірі саналатын адал еңбек туралы айтып, өзі қалаған мамандығының шыңына шыққан еңбек адамдары тұрғысында кеңінен әңгімеледі.

– Жұмысшылар жылының жариялануы – ел экономикасын нығайтудағы стратегиялық қадам. Бұл, ең алдымен, техникалық және кәсіптік білім берудің маңыздылығын арттырып, жұмысшы мамандықтарының беделін көтеруге бағытталып отыр. Бүгінгі таңда экономиканың барлық салаларында білікті мамандарға деген сұраныс жоғары. Қай кезде болсын құрылыс, өнеркәсіп, көлік, қызмет көрсету және басқа да салаларға кәсіби шеберлігі жоғары мамандар қажет. Сондықтан техникалық

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақбөпе
АСЫЛБЕКҚЫЗЫ,
тігінші:



– Мен қай істің болсын, күрделі жағын таңдаймын. Көбіне тапсырыс алған кезде, қиын жұмыстарды ғана алуға тырысамын. Өйткені, оңай жұмысты тез-ақ жасап тастаймын. Ал күрделі жұмысты ойланып, басқаша қырынан келуге тырысамын. Кезінде осы мектеп-интернатта оқып жүргенімде білімге деген қызығушылығым артып, өмірге басқаша қарай бастадым. Шыны керек, осы жерде оқып жүргенімде тігіншілікті таңдап, азын-аулақ тәжірибе жиған едім. Әлі күнге сол тәжірибені пайдаланып жүрмін. Мен негізінен, тапсырыс алғанда оның ақшасына емес, тапсырыс берушінің көңілінен шықсам екен деп ойлаймын.

Кезінде менің шеберім де өзіне тәжірибе жинақтау үшін бір цехта бес жыл жұмыс істегенін айтқаны бар. Мен де тек тәжірибе жинақтап қана қоймай, қаражат та тауып жүрмін деп қуанатын едім. Қазір менің де өз цехым бар. Тойға киетін, қалыңдық көйлектерін тігемін.

Жанна БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,
аспазшы:



– Бала кезімде тамақ пісіргенді жақсы көретінмін. Ата-анамыз үйде жоқта бірдеңе пісірмек болып, талай мәрте оны күйдіріп алғаным есімде. Мен үшін үйдегілерден тығылып, бірдеңе пісіру қызық болатын. Ол кезде онсыз да азық-түліктің тапшы кезі еді ғой. Анамнан талай сөгіс естисем де, «аспазшылық» кәсібімді тастаған жоқпын. Қызықтың көкесі мен мектеп бітіретін жылы басталды. Үйдің үлкендерінен «стоматология» немесе «құрылыс» саласын таңдау туралы ұсыныс түсті. Мен болсам, аспазшы болам деп табандап отырып алдым. Қаламыздағы колледжге құжат тапсырдым, сосын осы колледж арқылы оқуымды шетелге барып жалғастырдым. Сол кезде 19 жаста екенмін. Қазір үлкен мейрамхананың бас аспазы, кондитермін.

Нұртас ТҰРҒАНБЕК,
ақын:



– Бұл табалдырықты аттаған сайын шабыттана түсем. Неге десеңіз, бір кездегі менің арманымның жүзеге асуына қолдау көрсетті. Мен сонау 3-сыныптан өлең жаза бастасам, әлі де сол шығармашылықпен айналысып келемін. Менің қол жеткізген табысымның барлығы осы мектеп-интернатпен тікелей байланысты. Жалпы, адам өзіне баға бере алмайды. Бағаны уақыт береді деп ойлаймын.

ЖОЛСАПАР

ӨНЕРДЕ ШЕКАРА ЖОҚ

Алматы қаласы музей-Алер бірлестігінің 6 қызметкері Түркия елінің Стамбул және Анкара қалаларына арнайы сапармен барып, біліктілігін арттыру курсынан өтіп қайтқалы отыр. Сапар барысында музей қызметкерлері өзара тәжірибе алмасып, достық қарым-қатынас орнатпақшы.

Біліктілікті арттыру курсы Түркия Республикасының Мәдениет және туризм министрлігі мен «ТҮРКСОЙ» ұйымының қолдауымен ұйымдастырылып отыр.

Сонымен қатар, аталмыш курсқа қатысу ашық байқау арқылы жүзеге асырылды. Жалпы, екі ел арасындағы бұл келісімнің жүзеге асуына 2023 жылы Алматы қаласы музейлер бірлестігі және Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы «ТҮРКСОЙ» арасында қол қойылған ынтымақтастық жөніндегі меморандум негіз болып отыр.

Екі ел арасындағы келісім мәдениет саласындағы жұмысты жетілдіріп, музей ісін дамыту

аясында, тарихи-мәдени мұраны сақтауға бағытталған бірқатар жобаларды жүзеге асыруға мұрындық болмақшы.

Осы ретте 2024 жылы Түркі әлемі музейлерінің III Халықаралық форумында Алматы қаласы музейлер бірлестігі «ТҮРКСОЙ» музейлер қауымдастығына мүше болғаны да екі мемлекеттің достығына арқау болды. Бұған қоса, халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымының шешімі бойынша Алматы қаласы музейлер бірлестігі «Best Museum of the TurkicWorld» марапатына лайық деп танылды.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



«АҚШАМНЫҢ» ҚОНАҚЖАЙ ШАҢЫРАҒЫ

Золтан БУЗАДИ, Мажарстан университетінің профессоры:

АЛМАТЫ ӘР КЕЛГЕН САЙЫН ЖАҢА ҚЫРЫНАН ТАҢҚАЛДЫРАДЫ

Түбі түркі Қазақстан мен Мажарстан арасында соңғы жылдары саяси-экономикалық, мәдени байланыс артып келеді. ҚР Премьер-министрінің орынбасары — Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу елімізде мажар тілі оқытылатынын хабарлады. Екі ел арасындағы тығыз байланыстың орнауы екі тарапқа да берері мол екені сөзсіз. Осы және өзге тақырыптарда Алматыға жұмыс бабымен келген Мажарстан университетінің профессоры Золтан Бузадимен әңгімелесудің сәті түсті. Көшбасшы болу, дұрыс менеджмент құру мәселелерін зерттеп жүрген ғалым Алматы және түркі әлемі туралы ойымен бөлісті.

— Золтан мырза, Алматы мен Қазақстанға алғаш рет қашан келдіңіз? Осы жолғы сапарыңыздың басты мақсаты қандай?

— Менің есімімді қазақ тіліне аударсақ, сұлтан деген мағынаны береді. Мен өзіме қазақша есім таңдадым, себебі кей дәмханаларда өз атымды айтып жату қиындық тудырады. Сондықтан көбіне Хансұлтанбек деп танысамын.

Осыдан 11 жыл бұрын алғаш рет Алматыға халықаралық конференцияға келгенмін. Сонда бұл елдің қатты бай болмаса да, өте қонақжай әрі ашық мемлекет екенін байқадым. Сол кезде өз күшімді қазақ халқын танып-білуге және осында бизнес қауымдастықты, мемлекеттік мекемелерді, университеттерді оқытуға жұмсаймын деп шештім.

Біз Мажар елінің халқы өз тарихымызды, өткенімізді жақсы танымыз. Сіздермен тарихи байланысымызды білеміз. Бірақ қазіргі менің Қазақстанға қызығушылығым өткенде емес, бүгінгі күннің мүмкіндіктерінде. Сондықтан осы жолы да Алматыдағы университеттер мен ұйымдарға көшбасшылық жайында тәлім беруге келдім. Бұл — Қазақстанға үшінші сапарым. Дегенмен, айта кетейін, Алматы мен Астана секілді мегаполистерден бөлек Көкшетау, Өскемен, Түркістан қалаларында, тіпті Майкұдықта болдым.

— Елімізде сізді не таңқалдырды? Қазақ ұлттық тағамдарынан дәм татып көрдіңіз бе?


— Мажарстанда өзімізді жылқыға жақын ел деп санаймыз, себебі бізде де көшпенділердің мәдениеті сақталған. Мысалы, біздің паспортымыздың әр бетінде 5 жылқы бейнеленген. Елге барғанда мен: «Қазақстанға ат үшін барамын. Себебі, ол барлық жерде, тіпті пәтер ішінде бар» деп айтамын. «Пәтердің

ішінде де бола ма?» деп сұрағандарға: — «иә, пәтердің ішіндегі тоңазытқышта бар және мен оны жей аламын» деп әзілдеймін. Маған жылқының еті ұнайды, мүмкіндік болса, оны өзіммен бірге алып кетемін. Бірақ шынын айтқанда, қонақтарға қойдың басын тарту маған тіпті ерекше көрінеді. Мен мұғалім болғандықтан көп сөйлеймін, сондықтан ба маған жиі қойдың құлағын береді, әлі күнге дейін ешкім тілді берген емес (күлімдеді — ред.).

Сондай-ақ, маған құрт пен қымыз ұнайды. Қазір шығып жатқан бөтелкедегі қымыздарды мақтай алмаймын. Мен табиғи қымызды ішкенді жақсы көремін. Осы жолы сапарымда Алматыда қымызханаға тап болдым. Сонда байқасам, онда жастар денсаулыққа пайдасы жоқ дүниелерді ішіп-жейді екен. Себебі, қымызханада қымыздан басқа аса тағам жоқ. Алматыға келген сайын өзім үшін жаңа дүниелерді, қаланың жаңа қырын тауып аламын. Мені осы жолы таңқалдырған қымызхана болды.

— Қазақстан мен Мажарстан арасындағы тарихи-мәдени байланыс туралы не ойлайсыз? Бүгінгі күні екі елді не байланыстырады?

— Көп ғасырлар бұрын менің ата-бабаларым қазіргі аумағына шығыстан келді. Біріншісі Еділ патшаның тұсында болды. Одан кейін мадиялар көші жүрді. Сол мадиялардан менің елімнің аты қалыптасты, яғни Мажарстан. Кей қазақтар елімізді «Венгрия» деп жатады, бірақ бұл орысша. Сондықтан біздің елімізді Мажарстан деп атауға шақырамын. Қазір әлем елдерінде бір-бірімен қарым-қатынас жасаудағы басты мақсаты пайда табу. Бірақ Мажарстан мен Қазақстан арасындағы байланыс мұндай емес. Себебі, өзара тарихи әрі мәдени байланысты білеміз. Сонымен қатар, қазіргі уақыттағы екі елдің



ұқсастықтарына келсек, Мажарстан бір кездері Кеңес Одағының ықпалында болды. Ал қазір мемлекетіміз Еуропа мен АҚШ-тың ықпалынан шығып, өз жолын табуға тырысып жатыр. Қазақстан да осыған ұқсас жағдайда, сіздер Ресей империясы мен Кеңес Одағының құрамында болдыңыздар. Ал қазір екі ықпалды көршілеріңіз — Ресей мен Қытайдың арасында өз жолдарыңызды айқындау үстіндесіздер. Меніңше, біздің мемлекеттеріміз жаңа жолға түсуі керек.

Атап айтқанда, түркі әлемімен байланысымызды арттырған жөн. Бұл тәуелсіз әрі қуатты мемлекетке айналу жолы. Ал қарапайым халық ішіндегі құндылықтарды айтсақ, мұнда да ұқсастықтарымыз бар. Сіздерде секілді бізде де отбасы құндылықтары жақсы сақталған, яғни жасы үлкенді сыйлап, кішілерге көмектесу, үлкен отбасының болуы. Мен Германияда көп жыл өмір сүрдім, онда балалар ата-анасын «әке», «ана» деп айтпайды, есімімен шақырады. Ал Мажарстанда отбасы мүшелерінің арасындағы байланыс өте маңызды. Бірақ бұл Қазақстанда

да, бізде де өзгеріп келеді. Қазір жастар басқа құндылықтарға қызығып, шетелге еліктейді. Сондықтан мәдени өзгерістердің өзі бізде ұқсас деп ойлаймын.

— Сіз көп жылдар бойы көшбасшылық жайлы зерттеп, дәріс өтіп келесіз? Сіз үшін көшбасшы деген кім?

— Әртүрлі компанияларға барып «мен көшбасшылықтан сабақ беремін» десем, көбісі оның қажет емес екенін айтады. Меніңше, адамдар ғылымның бұл бағытын дұрыс түсінбейді. Қазақстанда да адамдар көшбасшы болуды әкімдік не университеттің шыңындағы жоғары лауазымға отыру деп түсінеді. Бірақ көшбасшылықтың заманауи түсінігі — бір тұлғаның көптеген жауапты жұмысты біріктіре алу, оның ішінде: кәсіп, ұжым бірлігі, ішкі бақыт, кәсібилік және т.б. Мен бұл тақырыпты біраз уақыт бойы зерттеп жүрмін және алдағы уақытта Түркі мемлекеттеріндегі көшбасшылық қасиеттерді салыстырған зерттеуімді жариялаймын. Ал әзірге кіта-

бымның «Қазақстандағы менеджмент стилі» туралы бөлімі жеке жарыққа шықты. Оны қазақстандық тәлімгеріммен бірге ағылшын тілінде дайындадық.

— Қазақстандағы көшбасшылық туралы ой өрбітсек. Қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар?

— Қазақстан компанияларында не өзге мекемелерінде жұмыс тым орталықтандырылған. Яғни шешім қабылдау үшін бастықтың жауабын міндетті түрде күту керек. Әрине, кішкене өзгешеліктер болады, бірақ жалпы сипаты осындай. Ал мықты тұсына келсек, қазақтың қыз-жігіттері өте креативті. Мен өткен жылы Астанада болғанымда телеканалдағы ұлттық тағам дайындайтын телебағдарламаға қонақ болдым. Мен рецептіні біраз уақыт бұрын жіберсем де, оларда біздің ұлттық асымызды дайындау үшін бір маңызды ингредиент болмады. Бірақ оның шешімін тез таба алды.

Әңгімелескен
Досбол АТАЖАН.



Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 11 ақпандағы №199 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 17 ақпанда № 207128 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2025 жылғы 11 ақпан

№199

«Алматы қаласындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 18 наурыздағы №431 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**
1. «Алматы қаласындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 18 наурыздағы №431 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1612 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:
қосымшада:
Алматы қаласындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 1 қарашадан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИЕВ

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 11 ақпандағы №199 шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 18 наурыздағы №431 шешімімен бекітілген

Алматы қаласындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі

№ р/с	Маршрут нөмірі	Маршрут атауы
1	2	3
1	1	2-ші Остроумов көшесі – «Алматы-1» теміржол вокзалы
2	2	«Алматы-1» теміржол вокзалы – «Таулы қырат» шағын ауданы
3	3	«Орбита» шағын ауданы – Әуежай (түнгі экспресс)
4	4	«Қарағайлы» шағын ауданының мектебі – «Думан» шағын ауданы
5	5	Қалдаяқов көшесі – Жібек жолы көшесі – «Ақ төбе» кенті
6	5а	Қалдаяқов көшесі – Жібек жолы көшесі – «Ұлы Отан соғысы» госпиталі
7	5б	Қалдаяқов көшесі – Жібек жолы көшесі – «Ақ қайың» шипажайы
8	5в	Қайың тоғайы – Достық даңғылы – Оспанов көшесі
9	7	«Зерделі» шағын ауданы – «Рахат» кондитерлік фабрикасы
10	8	«Жас қанат» шағын ауданы – Талғар ауданының «Тұздыбастау» кенті
11	9	«Жас қанат» шағын ауданы – «Райымбек батыр» метро бекеті
12	10	«Райымбек батыр» метро бекеті – «Боралдай» әуежайы
13	11	«Думан» шағын ауданы – «Абай» кенті (Абай саяжайлары)
14	12	«Алматы-2» теміржол вокзалы – «Медеу» мұз айдыны
15	13	«Мәдениет және демалыс саябағы» – «Алматы-1» теміржол вокзалының көпірі
16	14	«Дәрия» шағын ауданы – «Асыл Арман» тұрғын үй кешені
17	15	«Нұрлытау» шағын ауданы – «Барлық» базары
18	16	«Асыл Арман» тұрғын үй кешені – «Мәдениет және демалыс саябағы»
19	17	«Думан» шағын ауданы – «Айнабұлақ-3» шағын ауданы
20	18	Победа көшесі – Сайын көшесі – Торайғыров көшесі
21	19	«Нұркент» шағын ауданы – «Қазақфильм» шағын ауданы
22	20	«Думан» шағын ауданы – Есентай көшесі
23	21	Станиславский көшесі – «Көк-Төбе» шағын ауданы
24	22	Мақатаев көшесі – «Абай» шағын ауданы
25	23	«№7 қалалық клиникалық ауруханасы» – «Қырғауылды» кенті
26	24	«Өжет» шағын ауданы – Мәдениет шағын ауданы
27	25	«Саялы-2» шағын ауданы – Байтұрсынов – Мақатаев көшелері
28	26	«№7 қалалық клиникалық ауруханасы» – Экологиялық бекет – «Тау жолы» кенті
29	27	«Жас қанат» шағын ауданы – Крылов көшесі
30	28	«Орбита 2-4» шағын ауданы – 2-гидроэлектростанциясы
31	29	2-ші Остроумов көшесі – «Мұзтау» шағын ауданы
32	29р	Қалдаяқов көшесі – экологиялық бекет
33	30	«Алматы-1» теміржол вокзалы – «Нұр Алатау» шағын ауданы
34	31	«Қазақфильм» шағын ауданы – «Абай» шағын ауданы
35	32	«Арман» автобекеті – «Жұлдыз» шағын ауданы
36	33	«Саялы» шағын ауданы – «Әлмерек» шағын ауданы
37	34	«Алматы-1» теміржол вокзалы – «Арман» автобекеті
38	35	«Адем» сауда орталығы – «Қарасу» шағын ауданы
39	36	«Маяк» шағын ауданы – «Алматы-1» теміржол вокзалы
40	37	«Мамыр» шағын ауданы – «Магнум» сауда үйі
41	38	Әл-Фараби даңғылы – Алматы шығыс айналма жолы – Сайын көшесі – Рысқұлов даңғылы
42	39	Жандосов – Вахтангов көшелері – «Дария» шағын ауданы
43	40	Гончаров көшесі – Мақатаев көшесі
44	41	«Көкжиек» шағын ауданы – «Гүлдала» кенті Талғар ауданы

45	42	Қонаев көшесі – Алматы облысының Талғар ауданының «Жас Қуат, Жаңа Өмір» тұрғын үй кешені
46	43	Қайырбеков – Жібек жолы көшелері – Бригадная көшесі
47	44	«Алма-сити» тұрғын үй кешені – «Орталық стадион»
48	45	«Шаңырақ» шағын ауданы – «Самал» шағын ауданы
49	46	Бидайық көшесі – «Алматы-1» теміржол вокзалы
50	47	2-ші Остроумов көшесі – «Барлық» базары
51	48	Халыққа қызмет көрсету орталығы – «Таулы қырат» шағын ауданы
52	49	«Бауыржан Момышұлы» метро бекеті – Карьерная көшесі
53	50	«Айша Бибі» шағын ауданы – «Ақжар» шағын ауданы
54	51	«Рахат» кондитерлік фабрикасы – «Жұлдыз Жаңа құрылыс» шағын ауданы
55	52	6 қалалық кешені – «Қырғауылды» кенті
56	53	«Мамыр-1» шағын ауданы – «Кемертоған» кенті
57	54	Крылов көшесі – «Аспан Сити» тұрғын үй кешені – Алатау тас жолы
58	55	«Сарыарқа» метро бекеті – «Барлық» базары
59	56	«Айнабұлақ-3» шағын ауданы – «Қазақфильм» шағын ауданы
60	57	«Саялы-2» шағын ауданы – Республика сарайы
61	58	«Қарасу» шағын ауданы – Есентай көшесі
62	59	Саин көшесі «Орбита-3» шағын ауданы – «Жетісу» базары
63	60	Қалдаяқов көшесі – Кеңсай саяжайлары
64	62	Хан Тәңірі көшесі – Қазығұрт – 12 қалалық аурухана
65	63	«Арман» автобекеті – Қонаев көшесі
66	64	«Арман» автобекеті – «Haileyburg» мектебі
67	65	«Ақсай-3б» шағын ауданы – «Думан» шағын ауданы
68	66	Төле би – Ясауи көшелеріндегі айналма алаңы – 28 Панфиловшылар паркі
69	67	«Қазақфильм» шағын ауданы – «Абай» шағын ауданы
70	68	«Есентай молл» сауда үйі – Алматинская көшесі
71	69	«Жетісу» базары – «Өжет» шағын ауданы
72	70	«Таулы қырат» шағын ауданы – «Көкжиек» шағын ауданы
73	71	«Алматы-1» теміржол вокзалы – «Рахат» кондитерлік фабрикасы
74	72	«Алматы-1» теміржол вокзалы – 6 шағын ауданы
75	73	Балтабаев көшесі – «Алматы-1» теміржол вокзалы
76	74	«Рахат» кондитерлік фабрикасы – «Алматы-1» теміржол вокзалының көпірі
77	75	«Өжет» шағын ауданы – «Рахат» кондитерлік фабрикасы
78	76	«Алма-сити-5» тұрғын үй кешені – «Ақбұлақ» сауда орталығы
79	77	«Алматы-1» теміржол вокзалы – «Арман» автобекеті
80	78	«Бауыржан Момышұлы» метро бекеті – Жалпақсай кенті Қарасай ауданы
81	79	Жандосов – Сайын көшелері – «Әлмерек» шағын ауданы
82	80	«Айнабұлақ-3, 4» шағын ауданы – «Атакент» Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы
83	81	71 разъезд – Қожабеков көшесі
84	85	«Мамыр-1, 7» шағын ауданы – «Жұлдыз» шағын ауданы
85	86	Торайғыров көшесі – Азаматтық авиация академиясы
86	88	Қонаев – Мақатаев көшелері – Батыс зираты
87	89	«Gate City» тұрғын үй кешені – «Райымбек батыр» метро бекеті
88	91	«Нұршашқан» шағын ауданы – «Алматы 1» теміржол вокзалы
89	92	Әуежай – «Мамыр» шағын ауданы
90	93	«Адем-1» сауда үйі – «Айша Бибі» шағын ауданы
91	95	«Барлық» базары – «Көк-Төбе» шағын ауданы
92	97	«Зерделі» шағын ауданы – «Айнабұлақ 3,4» шағын ауданы
93	98	«Байтал» тұрғын үй кешені – «Райымбек батыр» метро бекеті
94	99	«Ақбұлақ» шағын ауданы – «Көк-Төбе» шағын ауданы
95	100	«Асыл Арман» тұрғын үй кешені – «Бесағаш» кенті Талғар ауданы
96	101	автобус паркі – «Арман» автобекеті
97	102	«Барлық» базары – «Алматы-1» теміржол вокзалы
98	103	«Қарғалы» шағын ауданы – «Шаңырақ-1» шағын ауданы
99	104	«Таугүл-3» шағын ауданы – Бидайық көшесі
100	105	«Мәдениет» шағын ауданы – Төле би – Ясауи айналма алаңы
101	106	«Әлмерек» шағын ауданы – «Жетісу» шағын ауданы
102	107	Абдуллиндер көшесі – «Көлсай» кенті
103	108	«Алма-Арасан» шағын ауданы – №190 мектеп
104	109	«Алғабас» шағын ауданы – 6 шағын ауданы
105	110	Төле би – Ясауи көшелері – №176 мектеп
106	111	«Көк-Төбе» шағын ауданы – Қалдаяқов көшесі – Жібек жолы көшесі
107	112	Мақатаев көшесі – «Барлық» базары
108	113	«Жетісу» базары – Сайын көшесі («Орбита-3» шағын ауданы)
109	114	«Сұлусай» кенті – Абдуллиндер көшесі
110	115	«Теректі» шағын ауданы – «Зерделі» шағын ауданы
111	116	«Нұрлытау» шағын ауданы – Розыбакиев көшесі – Райымбек даңғылы
112	117	Қонаев – Мақатаев көшесі – «Алатау» шағын ауданы (Ядролық физика институты)
113	118	Строительная көшесі Наурызбай ауданы – «Мәдениет және демалыс саябағы»
114	119	«Қарғалы» шағын ауданы – «Райымбек батыр» метро бекеті
115	120	«Айнабұлақ-4» шағын ауданы – «Жетісу» базары
116	121	«Жұлдыз-1, 2» шағын ауданы – «Орбита» шағын ауданы
117	122	«Рахат» кенті – Төле би – Ясауи көшелеріндегі айналма алаңы
118	123	Қожабеков көшесі – «Көкжиек» шағын ауданы
119	124	«Таулы қырат» шағын ауданы – «Водник» шағын ауданы
120	125	«Көкжиек» шағын ауданы – Жұбанов көшесі



121	126	«Мәдениет және демалыс саябағы» – «Таусамалы» шағын ауданы
122	127	«Қазақфильм» шағын ауданы – Қонаев көшесі
123	128	«Самал» шағын ауданы – «Барлық» базары
124	129	«Қарасу» шағын ауданы – «Рахат» кондитерлік фабрикасы
125	131	«Рахат» кондитерлік фабрикасы – Иштван Қоңыр көшесі
126	132	«Ұлжан-1» шағын ауданы – «Ұлжан-2» шағын ауданы – «Сайран» метро бекеті
127	133	Қонаев – Мақатаев көшелері – «Өжет» базары
128	135	«Арман» автобекеті – «Алматы-1» теміржол вокзалы
129	136	Қарасу көшесі – Наурызбай ауданының әкімшілік орталығы
130	137	Наурызбай ауданының әкімшілік орталығы – «Ақбұлақ» базары
131	138	«Адем» сауда орталығы – «Жетісу» базары
132	139	Наурызбай ауданының әкімшілік орталығы – «Қарғалы» шағын ауданы
133	141	«Айнабұлақ-3, 4» шағын ауданы – экологиялық бекет
134	142	«Мамыр-1» шағын ауданы – «2-ші жылу электрорталығы»
135	143	№179 мектеп – «Шаңырақ-6» шағын ауданы
136	144	«Новый» шағын ауданы – №179 мектеп
137	201	Алматы шығыс айналма жолы – 13 шағын ауданы – Мөңке би көшесі
138	202	«Сайран» автовокзалы – Қаскелең қаласы
139	203	«Райымбек батыр» метро бекеті – Талғар қаласы
140	204	«Райымбек батыр» метро бекеті – Талғар ауданының «Белбұлақ» кенті
141	205	«Жетісу» базары – «Орбита-2, 4» шағын аудандары
142	206	Алматы шығыс айналма жолы – «Төле би – Ясауи» айналмалы алаңы
143	207	«Райымбек батыр» метро бекеті – Талғар қаласы
144	208	«Алматы-2» теміржол вокзалы – Іле ауданының Қоянқұс кенті
145	209	«Спорт сарайы» – Талғар ауданының «Пионер» тау курорты
146	210	«Спорт сарайы» – Талғар ауданының «Ой-Қарағай» тау курорты
147	211	«Балуан шалақ» атындағы спорт сарайы – «Алма Арасан» тау курорты
148	212	«Almaty Mall» сауда ойын орталығы – Қарасай ауданының «Шамалған» кенті колледж
149	213	Үлкен Алматы каналы – Қарасай ауданының «Көлащы» кенті
150	214	«Алматы-1» теміржол вокзалы – Іле ауданының «Жаңаталап» кенті
151	215	«Алматы-1» теміржол вокзалы – Іле ауданың «Ынтымақ» кенті
152	216	«Алматы-1» теміржол вокзалы – Талғар ауданының «Дәулет» кенті
153	217	«Алматы-1» теміржол вокзалы – Іле ауданының «Әли» кенті
154	218	Төле би/Ясауи автобекеті – Іле ауданының «Тоқпанов» кенті
155	219	«Адем» сауда орталығы – Іле ауданының «Қарасу» кенті
156	220	«Райымбек батыр» метро бекеті – Іле ауданының «Жетіген» кенті
157	221	«Райымбек батыр» метро бекеті – Талғар ауданының «Қайнар» кенті
158	222	«Райымбек батыр» метро бекеті – Талғар ауданының «Айғаным» кенті
159	223	«Алматы-1» теміржол вокзалы – Талғар ауданының «Туганбай, Нұра» кенті
160	224	«Орталық стадион» – Талғар ауданындағы «Ақбұлақ» тау шаңғы курорты
161	225	«Саяхат» автовокзалы – Есік қаласы
